

**ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ БОЙЫНША
ТЕКСЕРУ КОМИССИЯСЫ**

«Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларын, концессиялық жобаларды іске асыру тиімділігін талдау және бағалау» аудиторлық іс-шарасы бойынша жүргізілген аудиттің нәтижелеріне

АУДИТОРЛЫҚ ҚОРЫТЫНДЫ

ТҮРКІСТАН ҚАЛАСЫ

2023 ж

МАЗМҰНЫ

I. Кіріспе бөлік

- 1.1. Аудиторлық іс-шараның атауы
- 1.2. Мемлекеттік аудиттің мақсаты
- 1.3. Мемлекеттік аудиттің объектілері
- 1.4. Мемлекеттік аудитпен қамтылған кезең

II. Негізгі (талдамалық) бөлік

- 2.1. Аудиттелетін саланың жай-күйін қысқаша талдау
- 2.2. Мемлекеттік аудиттің негізгі нәтижелері
- 2.3. Мемлекеттік аудит объектілері қызметінің әлеуметтік-экономикалық дамуға әсерін бағалау (өңірлік және (немесе) елдік бөліністе)

III. Қорытынды бөлік

- 3.1. Мемлекеттік аудит барысында қабылданған шаралар
- 3.2. Мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша тұжырымдар
- 3.3. Мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша ұсынымдар мен тапсырмалар
- 3.4. Қосымша: (____ парақ)

I. Кіріспе

1.1. Аудиторлық іс-шараның атауы: «Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларын, концессиялық жобаларды іске асыру тиімділігін талдау және бағалау» сыртқы мемлекеттік аудиті.

1.2. Мемлекеттік аудиттің мақсаты:

Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларын іске асыру тиімділігін талдау және бағалау.

1.3. Мемлекеттік аудит объектілері:

«Созақ аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесі, «Арыс қалалық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесі, *үстеме тексеру объектісі: «Қызмет сервис –Арыс» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі*, «Түркістан облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы» мемлекеттік мекемесі, Түркістан облысының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы» мемлекеттік мекемесі, *үстеме тексеру объектісі: "TURKISTAN INTERNATIONAL AIRPORT (Туркистан Интернэшнл Аэропорт)" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі*, Кентау қаласы әкімдігінің «Кентау қалалық тұрғын-үй коммуналдық шаруашылық және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» мемлекеттік мекемесі, «Түркістан облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы» мемлекеттік мекемесі, Түркістан облысының экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы» мемлекеттік мекемесі.

1.4. Мемлекеттік аудитпен қамтылған кезең: 01.07.2021 – 30.06.2023 жылдар аралығы.

II. Негізгі (талдамалық) бөлік:

2.1. Аудиттелетін саланың жай-күйін қысқаша талдау:

Мемлекеттік аудит барысында Түркістан облысы бойынша қалыптасқан мемлекеттік-жекешелік әріптестік (*бұдан әрі-МЖӘ*) шарттарының орындалу тиімділігіне, тікелей және түпкілікті нәтижелерге қол жеткізуіне талдау жүргізілді.

Түркістан облысы бойынша әлеуметтік қамсыздандыру, спорт және денешынықтыру, елді мекендерді газдандыру құрылысын салу, санитарлық тазалық жасау, жарықтандыру және автокөлік жолдарын күрделі, орташа, ағымдағы жөндеу жұмыстарын жүргізу, сонымен қатар Түркістан қаласында халықаралық әуежай құрылысын, пайдалану және басқару бойынша МЖӘ жобасы аясында келісім шарттар түзілген.

1. Түркістан облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасымен «Түркістан облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасына қарасты мүмкіндігі шектеулі балаларға, қарттар мен 1, 2 топтағы мүгедектерге арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталықтарындағы асханаларды жаңғырту және пайдалану» жобасы бойынша мемлекеттік-жекешелік әріптестік шарты, «Сайрам ауданы, Алаш ауылы, Ақсукент ауылдық

округіндегі «Мейір» ардагерлер үйін жаңғырту және пайдалану» жобасы бойынша мемлекеттік-жекешелік әріптестік шарты қалыптасқан.

2. Түркістан облысының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасымен «Түркістан қаласында халықаралық әуежай салу, пайдалану және басқару» МЖӘ шарты;

«Түркістан қаласында халықаралық әуежай салу, пайдалану және басқару» МЖӘ жобасы

МЖӘ жобасы аясында Түркістан халықаралық әуежайының құрылысы 2019 жылдың қазан айында басталып 2020 жылдың қараша айында аяқталды. Әлемдік және Еуропалық IATA стандарттарына сәйкес жолаушылардың жайлылығы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін терминал қауіпсіздік пен қорғаудың барлық қажетті талаптарымен жабдықталған. Әуежайдың қуаттылығы сағатына 450 жолаушыға, жылына 3 000 000 (үш миллион) жолаушыға қызмет көрсету мүмкіндігі қарастырылған. Сонымен қатар әуежайда 2 (екі) телескопиялық трап, 14 (он төрт) жолаушыларды тіркеу бағаны, 88 (сексен сегіз) автокөлікке арналған автотұрақ, VIP және СІР залдары қамтылған.

Әуежайының жалпы аумағы 328,777 га құрайды. Әуежайдың әуеайлағы ұшу-қону жолағынан (ұзындығы 3300 м, кендігі 45 м), екі рульдеу жолдарынан (А және Б) және перроннан құралады. Аталған әуеайлақтың жалпы алаңы 381 789 шаршы метрді құрайды. Сонымен қатар, әуеайлақ, әуе кемелерінің екі сатылы мұз қатуға қарсы өңдеуге (мұз қатуды жою және алдын алу) байланысты жұмыстарды жүргізуге арналған алаңмен қамтылған.

Сонымен қатар жолаушыларға қызмет көрсету үшін жалпы алаңы 10 750 шаршы метрді құрайтын аэробекет (аэровокзал) ғимараты қарастырылған. Аталған ғимарат жолаушыларға қызмет көрсетуге арналған заманауи жүйелермен, құрал-жабдықтармен, жиһаздармен және құрылғылармен жабдықталған. Әуежай жолаушылар, багаж, почта, жүк тасымалдарын әуе көлігімен қамтамасыз етуге, әуе кемелерін авиакөлікпен және қосымша қызметтермен қамтамасыз етуге байланысты барлық жұмыстар мен қызметтер кешенін дайындайды және іске асыруда. «Түркістан халықаралық әуежайы» қызметі тұрақты және чартерлік рейстерді орындау кезінде әуе компаниялары мен әуе кемелерін пайдаланушыларға жерүсті қызметін көрсетуге бағытталған.

3.Түркістан облысы, «Созақ аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесімен «Түркістан облысы, Созақ ауданындағы көшелерді жарықтандыруды жаңғырту және пайдалану» шарты, «Түркістан облысы, Созақ ауданы, Шолаққорған, Жартытөбе, Құмкент, Жуантөбе, Қаратау, Сызған, Таукент, Қыземшек елді мекеніндегі көшелерді жарықтандыруды жаңғырту және пайдалану» шарты, «Түркістан облысы, Созақ ауданы, Таукент елді мекенін санитарлық тазалауға сервистік келісім-шарт» шарты, «Түркістан облысы, Созақ ауданы, Қыземшек елді мекенін санитарлық тазалауға сервистік

келісім-шарт» шарты, «Түркістан облысы, Созақ ауданы, Шолаққорған елді мекенін санитарлық тазалауға сервистік келісім-шарт» шарты;

4. Арыс қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесімен «Түркістан облысы, Арыс қаласын санитарлық тазалау сервистік келісім-шарты», «Түркістан облысы, Арыс қаласындағы көшелерді жарықтандыруды жаңғырту және пайдалану» шарты, «Түркістан облысы, Арыс қаласын абаттандыру сервистік келісім-шарты»;

5. Түркістан облысының денешынықтыру және спорт басқармасымен «Түркістан облысы, Түркістан қаласында спорттық жекпе-жек және күш қолданылатын спорт түрлерінің (бокс, күрес, дзюдо, таэквандо) дене шынықтыру-сауықтыру кешеніне сервистік қызмет көрсету» Оңтүстік Қазақстан облысы, Шардара қаласында күш қолданатын спорт түрлері бойынша (армрестлинг, пауэрлифтинг, гир спорты, ауыр атлетика) балалар-жасөспірімдер спорт мектебін ұйымдастыру және пайдалану» шарты, «Түркістан облысы Түлкібас ауданы Т.Рысқұлов ауылында спорт клубын (үстел теннисі, шахмат, дойбы, тоғызқұмалақ) ұйымдастыру және пайдалану» шарты, «Түркістан облысы Төлеби ауданы Ленгір қаласында жекпе-жек күш қолданатын спорт түрлері бойынша (дзюдо, джиу-джитсу, самбо, қазақша күрес, ауыр атлетика, пауэрлифтинг, армрестлинг, гир спорты) балалар-жасөспірімдер спорт мектебін ұйымдастыру және пайдалану» шарты, «Түркістан облысы Сайрам ауданы Қарасу ауылында спорт түрлері бойынша (дзюдо, бокс, еркін күрес, грек-рим күресі, баскетбол, волейбол) балалар-жасөспірімдер спорт мектебін ұйымдастыру және пайдалану» шарты, Түркістан облысы Түркістан қаласының Түркістан қалалық темір жол мөлтек ауданында орналасқан спорт кешенінің жұмысын (футбол, тоғызқұмалақ, шахмат, үстел теннисі) ұйымдастыру және пайдалану» шарты, «Түркістан облысы, Ордабасы ауданы, Темірлан ауылында спорт түрлерінен (дзюдо, еркін күрес, қазақша күрес, бокс) жаттығу үрдісін ұйымдастыру және қызмет көрсету» шарты, Түркістан облысы, Ордабасы ауданы, Қараспан ауылында спорт түрлерінен (футбол, бокс, қазақша күрес, еркін күрес, ауыр атлетика) жаттығу үрдісін ұйымдастыру және қызмет көрсету» шарты, «Түркістан облысы, Ордабасы ауданы, Шубарсу ауылында спорт түрлерінен (дзюдо, еркін күрес, қазақша күрес, футбол) жаттығу үрдісін ұйымдастыру және қызмет көрсету» шарты, «Түркістан облысы, Сайрам ауданы, Ақсукент ауылында спорт түрлерінен (дзюдо, греко-рим күресі, таеквондо, кикбоксинг) жаттығу үрдісін ұйымдастыру және қызмет көрсету» шарты, «Түркістан облысы, Сайрам ауданы, Қарасу ауылында спорт түрлерінен (дзюдо, самбо, таеквондо, ауыр атлетика) жаттығу үрдісін ұйымдастыру және қызмет көрсету» шарты, Түркістан облысы, Сайрам ауданы, Қожақорған ауылында спорт түрлерінен (футбол, волейбол, баскетбол, таеквондо, каратэ) жаттығу үрдісін ұйымдастыру және қызмет көрсету» шарты, «Түркістан облысы, Сарыағаш ауданы, Сарыағаш қаласында спорт түрлерінен (волейбол, баскетбол, футбол, еркін күрес, дзюдо, бокс, жүзу) жаттығу үрдісін ұйымдастыру және қызмет көрсету» шарты, «Түркістан облысы, Сарыағаш ауданы, Сарыағаш қаласында спорт түрлерінен

(тоғызқұмалақ, еркін күрес, греко-рим, күресі, футбол) жаттығу үрдісін ұйымдастыру және қызмет көрсету» шарты, «Түркістан облысы, Сарыағаш ауданы, Сарыағаш қаласында спорт түрлерінен (футбол, бокс, дзюдо, күрес, шахмат, жүзу) жаттығу үрдісін ұйымдастыру және қызмет көрсету» шарты, Түркістан облысы, Сарыағаш ауданы, Сарыағаш қаласында спорт түрлерінен (кокпар, теңге ілу, аударыспақ, жамбы ату) жаттығу үрдісін ұйымдастыру және қызмет көрсету» шарты, «Түркістан облысы, Келес ауданы, Абай ауылында спорт түрлерінен (дзюдо, каратэ, волейбол, баскетбол) жаттығу үрдісін ұйымдастыру және қызмет көрсету» шарты, «Түркістан облысы, Төлеби ауданы, Көксәйек ауылында спорт түрлерінен (еркін күрес, дзюдо, қазақша күрес, самбо, бокс, греко-рим) жаттығу үрдісін ұйымдастыру және қызмет көрсету» шарты, «Түркістан облысы, Түркістан қаласында спорт түрлерінен (дзюдо, қазақша күрес, мини футбол, жүзу) жаттығу үрдісін ұйымдастыру және қызмет көрсету» шарты, «Түркістан облысы, Түркістан қаласында Береке спорт клубының спорт түрлерінен жаттығу үрдісін ұйымдастыру және қызмет көрсету» шарты, «Түркістан облысы Түлкібас ауданы, Т.Рыскулов ауылында мүгедектерге арналған спорт түрлері бойынша (тоғызқұмалақ, стол теннис, шахмат) балалар-жасөспірімдер спорт мектебін ұйымдастыру және пайдалану» шарты, «Түркістан облысы Кентау қаласында спорт түрлері бойынша (дзюдо, еркін күрес, қазақша күрес, футбол) балалар-жасөспірімдер спорт мектебін ұйымдастыру және пайдалану» шарты, «Түркістан облысы, Сарыағаш ауданы, Дербісек ауылында спорт түрлерінен (бокс, дзюдо, еркін күрес, қазақша күрес) жаттығу үрдісін ұйымдастыру және қызмет көрсету» МЖӘ шарты түзілген.

6. Кентау қаласы әкімдігінің «Кентау қалалық тұрғын-үй коммуналдық шаруашылық және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» мемлекеттік мекемесімен «Түркістан облысы Кентау қаласы Шаға ауылдық округі Шаға елді мекенінің газбен жабдықтау желілерін салу» шарты, «Түркістан облысы Кентау қаласы Шаға ауылдық округі Шоқтас елді мекенінің газбен жабдықтау желілерін салу» шарты, «Түркістан облысы Кентау қаласы Жаңа Иқан ауылдық округі Ойық елді мекенінің газбен жабдықтау жүйесін салу» шарты, «Түркістан облысы Кентау қаласы Шаға ауылдық округі Бершінтөбе елді мекенінің газбен жабдықтау желілерін салу» шарты, «Түркістан облысы Кентау қаласы Жаңа Иқан ауылдық округі Ибата елді мекенінің газбен жабдықтау жүйесін салу» шарты, «Түркістан облысы Кентау қаласы Шаға ауылдық округі Қазақстанның ХХХ жылдығы елді мекенін газбен жабдықтау жүйелерін салу және пайдалану» шарты, «Түркістан облысы, Кентау қаласын санитарлық тазалауға сервистік келісім- шарт», «Түркістан облысы, Кентау қаласындағы көшелерді жарықтандыруды жаңғырту және пайдалану» шарты, «Түркістан облысы, Кентау қаласының автомобиль жолдарын күрделі, орташа, ағымдағы жөндеу және пайдалану» МЖӘ шарттары түзілген.

Жалпы МЖӘ жобасының (шартының) мақсатына, міндеттемелеріне сәйкес облыстың әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштердің дамуына оң әсерін беру көзделген.

Аудит барысында МЖӘ нысандарының ағымдағы жағдайына талдау жүргізу барысында Созақ ауданының коммуналдық, шаруашылық саласы бойынша мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасының іске асырылу функциясына назар аударылды.

«Түркістан облысы, Созақ ауданы, Шолаққорған, Жартытөбе, Құмкент, Жуантөбе, Қаратау, Сызған, Таукент, Қыземшек елді мекеніндегі көшелерді жарықтандыруды жаңғырту және пайдалану» мемлекеттік – жекешелік шарты

Аудит барысында «Түркістан облысы, Созақ ауданындағы көшелерді жарықтандыруды жаңғырту және пайдалану» және «Түркістан облысы, Созақ ауданы, Шолаққорған, Жартытөбе, Құмкент, Жуантөбе, Қаратау, Сызған, Таукент, Қыземшек елді мекеніндегі көшелерді жарықтандыруды жаңғырту және пайдалану» жобасына талдау жүргізу барысында жекеше әріптес «Цифрлық Қазақстан» жобасы аясында электр энергиясын пайдалану, жеткізу және басқару құрылғыларымен қамтамасыз етілгені назарға алынды. Сонымен қатар Жобаны жүзеге асыру барысында электр энергиясын қосып-өшіру құрылғылары ақылды жарықтандыру қораптарымен, және уақыт релесіне ауыстырылғаны анықталды. Ақылды жарықтандыру құрылғысы, «Шкаф управление АСУНО» -13 дана, уақыт релесі «Таймер»-15 дана орнатылған.

Бұл ретте, ақылды жарықтандыру құрылғысы арқылы қашықтықтан басқару, яғни қосу-өшіру автоматты түрде қашықтықтан басқарылады. Электр энергиясының кеткен шығынын, есептегіш құрылғы арқылы, компьютер құрылғысына арнайы Кулон программасы арқылы мәлімет 30 сек сайын беріліп отырады. Қысқа тұйықталу болған жағдайда ескертіп нақты фазада болып жатқаны туралы ұдайы мәлімет беріп отырады. Осы құрылғыны пайдалану нәтижесінде электр энергиясын 2,5 есеге үнемдеуге қол жеткізілген.

Осылайша жекеше әріптес Созақ ауданының көшелерін жарықтандырудың замануи және озық үлгідегі электр энергиясын басқару құрылғысын пайдаланып, МЖӘ жобасын жүзеге асыруда оң әсерін тигізген.

1) «Түркістан облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасына қарасты мүмкіндігі шектеулі балаларға, қарттар мен 1, 2 топтағы мүгедектерге арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталықтарындағы асханаларды жаңғырту және пайдалану» шарты

Мемлекеттік-жекешелік әріптестігі жобасын іске асыру шеңберінде Түркістан облысының келесі арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету Орталықтарының асханалары мен ас блоктарын жаңғырту және пайдалану бойынша жүзеге асырылады. Атап айтқанда:

- «№1 Түркістан арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету орталығы» КММ;
- «№2 арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету орталығы» КММ;
- «№3 Көксәйек арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету орталығы» КММ;
- «№4 Тасарық арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету орталығы» КММ.

«№1 Түркістан арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету орталығы» КММ

Негізгі қызмет түрі: 18 жастан асқан психоневрологиялық ауытқулары бар I, II топтағы мүгедектерге арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету болып

табылады. Штаттық құрылымы 289,5 бірлік, нақты 305 қызметкер жұмыс жасайды. Қуаттылығы 510 төсек-орын.

Ағымдағы жағдайда орталықта 299 ерлер, 211 әйелдер жайғастырылған. Оның ішінде I топтағы мүгедектер саны 59, II топтағы мүгедектер саны 451. Бүгінгі таңда тамақ мәзірінде 492 мүгедек қалыптасса, 9 бірлігі демалыс жағдайында, 9 бірлігі ауруханаға жатқызылған.

«№2 арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету орталығы» КММ

Негізгі қызмет түрі: зейнет жасындағы жалғыз басты қарттар мен I, II топтағы мүгедектерге арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету болып табылады. Штаттық құрылымы 129,25 бірлік, нақты 133 қызметкер жұмыс жасайды. Қуаттылығы 180 төсек-орын.

Ағымдағы жағдайда орталықта 112 ерлер, 47 әйелдер жайғастырылған. Оның ішінде I топтағы мүгедектер саны 41, II топтағы мүгедектер саны 25, жалғыздікті қарттар саны 93, бүгінгі таңда тамақ мәзірінде 159 күтілуші қалыптасқан.

«№3 Көксәйек арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету орталығы» КММ

Негізгі қызмет түрі: 18 жастан асқан психоневрологиялық ауытқулары бар I, II топтағы мүгедектерге арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету болып табылады. Штаттық құрылымы 120,75 бірлік, нақты 119 қызметкер жұмыс жасайды. Қуаттылығы 160 төсек-орын.

Ағымдағы жағдайда орталықта 99 ерлер, 61 әйелдер жайғастырылған. Оның ішінде I топтағы мүгедектер саны 25, II топтағы мүгедектер саны 135.. Бүгінгі таңда тамақ мәзірінде 158 күтілуші бар.

«№4 Тасарық арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету орталығы» КММ

Негізгі қызмет түрі: 3 жастан 18 жасқа дейінгі тірек-қимыл аппараты бұзылған мүгедек балаларға арналған арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету болып табылады. Штаттық құрылымы 134,25 бірлік, нақты 120 қызметкер жұмыс жасайды. Қуаттылығы 100 төсек-орын.

Ағымдағы жағдайда орталықта 30 жасөспірім, 24 қыз бала жайғастырылған. Барлығы 54 күтілуші. Оның ішінде I топтағы мүгедектер саны 36, II топтағы мүгедектер саны 16. Бүгінгі таңда тамақ мәзірінде 34 күтілуші бар.

2) «Сайрам ауданы, Алаш ауылы, Ақсукуент ауылдық округіндегі «Мейір» ардагерлер үйін жаңғырту және пайдалану» жобасы бойынша мемлекеттік-жекешелік әріптестік шарты

Шарттың басты мақсаты «Мейір» ардагерлер үйін жаңғырту, күтіп ұстау және ардагерлерге емдеу-сауықтыру жұмыстарын өз деңгейінде жүргізу болып табылады.

Негізгі қызмет түрі: арнайы санаттағы азаматтарды, ҰОС ардагерлерін және оған теңестірілген азаматтарды қысқа мерзімді емдеу және сауықтыру болып табылады. Штаттық құрылымы 96 бірлік, нақты 79 қызметкер жұмыс жасайды. Қуаттылығы 190 төсек-орынға негізделген.

Түркістан облысының спорт және денешынықтыру саласы

Спорт саласында бірыңғай саясатты жүзеге асыру мақсатында Түркістан облысында жалпы 100 мемлекеттік меншіктегі спорт мекемелері мен

кәсіпорындары тіркеліп, 2023 жылға бекітілген жоспарға сай жұмыс жасауда (оның ішінде: 1 облыстық дәрігерлік – дене тәрбиесі диспансері, 22 облыстық спорт мекемесі, 50 аудандық, қалалық балалар мен жасөспірімдер спорт мектептері, 27 мемлекеттік-жөкешелік әріптестігі мекемелері).

Аталған спорт мекемелерінде спорттың 61 түрі дамытылып, онда 2426 жаттықтырушы 58 574 баламен жұмыс жасауда.

Сонымен қатар Облыста спорттың 61 (29 олимпиадалық, 32 олимпиадалық емес) спорт түрі дамытылуда (2022 ж. - 59 (29 олимпиадалық, 30 олимпиадалық емес)).

2023 жылдың 6 айында облыс спортшылары спорттың 61 түрі бойынша Қазақстан Республикасының чемпионаттары мен біріншіліктеріне қатысып, нәтижесінде жалпы 826 медальға (336 алтын, 242 күміс және 248 қола) қол жеткізген. (2022 ж. - 12 айда 858 медаль 353 алтын, 233 күміс және 272 қола).

Жыл басынан бері өткен Азия чемпионаттарында облыс спортшылары спорт түрлері бойынша жалпы 122 медальға (59 алтын, 41 күміс және 22 қола) қол жеткізсе (2022 ж. - 12 айда 202 медальға (118 алтын, 49 күміс, және 35 қола), Әлем чемпионаттарында (10 алтын, 5 күміс және 3 қола) 18 медальға ие болды (2022 ж. - 12 айда 116, соның ішінде - 52 алтын, 49 күміс және 35 қола).

Сондай-ақ, Республикалық чемпионаттардың қорытындысы бойынша 16 халықаралық дәрежедегі спорт шебері (2022 ж. - 26), 23 Қазақстан Республикасының спорт шебері (2022 ж. - 174) және 168 спорт шеберіне кандидат (2022 ж. - 468) спортшылар дайындалған.

Сонымен қатар 2023 жылы Қазақстан Республикасының спорт түрлерінен ұлттық құрамаға жалпы 594 спортшы енген (2022 ж. - 429).

Жас ерекшелігіне сәйкес: Ересектер – 134 (2022 ж. - 149), Жастар 198 (2022 ж. - 142), Жасөспірімдер – 217 (2022 ж. - 138), (кіші жасөспірімдер-45) спортшы ұлттық құрама сапына енген.

Сондай-ақ, 2023 жылы Ханчжоу қаласында (Қытай) өтетін жазғы ПарАзия ойындарына-5, Азия ойындарына-20 спортшы қатысу жоспарланған.

Бұқаралық спортты дамыту бойынша

2023 жылдың есепті кезеңге дене шынықтыру және спортпен шұғылданатын барлық жастағы тұрғындар саны 882 566 адамға жетіп, бұл облыстағы жалпы халықтың 41,47 %-ын құрап отыр. (2023 жылға жоспар – 42%)

2023 жылға бекітілген жоспарға сәйкес, облыс аумағында 1428 бұқаралық спорттық іс-шаралар өткізіліп, оған 189 602 адам қатысса, оның ішінде, ауылдық жерде 1066 іс-шара өткізіліп, 122 928 адам қамтылған.

Халықты спортпен жүйелі шұғылдануға және дене шынықтырумен айналысуға ауылдық жерлерде 2023 жылдың басынан бастап 229 спорт жөніндегі әдіскерлер мен 246 спорт жөніндегі нұсқаушы штаттық бірліктері енгізілген.

Мүмкіндігі шектеулі спортшылар бойынша

Түркістан облысында 97 508 мүмкіндігі шектеулі азаматтар тіркелген. Оның ішінде спорт және дене шынықтырумен айналысуға қарсы көрсетілімі жоқ 42 098 адам.

Дене шынықтыру және спортпен жүйелі түрде шұғылданушылар саны 4 298 (2021 ж. - 4 113 шұғылданушы) ауылды жерде 3 135 адамды құрап отыр, бұл спорт және дене шынықтырумен айналысуға қарсы көрсетілімі жоқ мүмкіндігі шектеулі азаматтардың 10,2% (2021 ж. - 9,1%) құрайды.

Түркістан облысында мүмкіндігі шектеулі азаматтарға арналған «Сауран» спорт клубы бүгінгі таңда өз жұмысын жүргізуде.

Спорт клубындағы 34 жаттықтырушы 266 мүмкіндігі шектеулі азаматтармен күнделікті жұмыс жүргізуде.

Ұлттық спорт түрлері

Түркістан облысында ұлтымыздың төл спортының 10 түрі (*асық ату, қазақ күресі, көкпар, теңге ілу, тоғызқұмалақ, аударыспақ, бәйге, жамбы ату, саят, жекпе-жек*) және олимпиадалық спорт түрі конкур спорт түрі дамытылып, облыс аумағында жұмыс жасап жатқан 2071 спорт секцияларында (оның ішінде: 1696 - ауылды жерлерде) 110 385 адам тұрақты шұғылданып, бұл жалпы шұғылданушылардың 13,3%-ын құрап отыр.

2022 жылғы 17-29 қыркүйек аралығында Нұр-Сұлтан-Түркістан бағытында өткізілетін Ұлы дала жорығы Марафон-Бәйгесіне қатысып, Түркістан облысы спортшылары командалық 3-ші орын иеленген.

Спорттық инфрақұрылым

Қазіргі таңда облыста 4674 спорт ғимараттары тіркелген.

Қазақстан Республикасы Үкіметі тарапынан қолдау тапқан Түркістан облысын әлеуметтік-экономикалық дамытуды 2021-2025 жылдарға арналған кешенді жоспарына сәйкес, 2023 жылы облыс аумағында дене шынықтыру және спорт саласына бағытталған нысандарының құрылыс жұмыстары жүргізілуде.

Түркістан қаласында Халықаралық Теннис орталығының құрылысы аяқталып, маусым айының басында пайдалануға берілсе, Түркістан қаласы, жаңа әкімшілік-іскерлік орталығы аумағында Мұз сарайының құрылысы аяқталды.

Сондай-ақ, Түркістан қаласында орналасқан Б.Саттарханов атындағы облыстық спорт мектебінің спорт кешенін қайта құру және 320 көрерменге арналған қосымша ғимарат салу құрылыс жұмыстары мен жаңа әкімшілік-іскерлік орталығы аумағында Ескек есу каналы бағытындағы спорт кешенінің құрылыс жұмыстары жүргізілуде.

Облыс аумағында «Ауыл – Ел бесігі» республикалық арнайы жобасы аясында Сауран ауданы, «Бабайқорған» ауыл округінде спорт залдың құрылысы, Мақтаарал ауданы, «Мырзакент» кентінде дене шынықтыру-сауықтыру кешені құрылысы, Төлеби ауданы, «1 Мамыр» ауылында дене шынықтыру-сауықтыру кешені құрылысы, Бәйдібек ауданы, «Ағыбет» ауылында дене шынықтыру-сауықтыру кешені құрылысы, Жетісай ауданы, «Өркенді» ауылында заман талабына сай футбол алаңы құрылысы және Сайрам

ауданы «Қарасу» елді мекені дене шынықтыру-сауықтыру кешені құрылысы жүргізілуде.

Аталған құрылыс жұмыстары 2023 жылдың қараша-желтоқсан айларында аяқталып, пайдалануға беру көзделген.

Мемлекеттік спорттық тапсырыс аясында

Мемлекеттік аудит барысында есепті кезеңге мемлекеттік спорттық тапсырыс аясында 92 бірлік өнім берушінің (жеке кәсіпкер) спорт секцияларында 14 509 бала спортпен шұғылдануда.

2.2. Мемлекеттік аудиттің негізгі нәтижелері

Мемлекеттік аудит іс-шарасы бойынша

Жалпы аудитпен 87 099 513,3 мың теңге (*РБ – 42 896 438,0 мың теңге, ЖБ -44 203 075,3 мың теңге*) қамтылды, оның ішінде 2021 жыл кезеңі бойынша 467 726,1 мың теңге, 2022 жыл кезеңі бойынша 46 745 931,1 мың теңге, (*оның ішінде РБ – 42 896 438,0 мың теңге*) 2023 жылдың 1-жартыжылдық кезеңі бойынша 39 885 856,1 мың теңге қамтылды.

Жалпы аудит барысында қамтылған 9 аудит объектілерінің ішінде 5 аудит объектісінде – **3 110 632,8 мың теңгені** құрайтын қаржылық, тиімсіз пайдалану бойынша қаржылық бұзушылықтар анықталған. Оның ішінде:

- барлық қаржылық бұзушылықтар **2 580 024,4 мың теңгеге** (*қалпына келтірілуге жататын қаржы көлемі 2 580 024,4 мың теңге*) 4 аудит объектісінде;

- тиімсіз пайдаланылған бюджет қаражатының (активтердің) сомасы **530 608,4 мың** теңгеге 1 аудит объектісінде орын алған.

Жалпы аудиторлық іс-шара барысында барлығы **691 665,1** мың теңге қалпына келтірілген.

Сонымен бірге, мемлекеттік аудит объектісінің қызметіндегі, соның ішінде оның міндеттері мен функцияларын іске асырумен байланысты заңнаманың рәсімдік бұзушылықтары жалпы 6 аудит объектілерінде 11 бірлікті құраған.

Аудит барысында келесі бұзушылықтар орын алған:

I. Бухгалтерлік есепті жүргізу және бюджеттік, қаржылық есептілікті жасау кезінде 4 мекемеде жалпы 2 580 024,4 мың теңгеге қаржылық бұзушылықтар анықталған, атап айтқанда:

1. «Созақ аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесінде 288 852,8 мың теңге. (*Аудит барысында анықталған бұзушылықтар қалпына келтірілген*).

Бұл ретте мемлекеттік аудитті жүргізу барысында аудит объектісінің МЖӘ нысандарының (*Созақ ауданы бойынша елді мекендердің көше жарық шамдарының*) құны айқындалмағаны және теңгерімге алынбағаны анықталған. Аудит барысында аудит объектісіне МЖӘ нысандарының құнын айқындау және оны теңгерімге алу ұсынылған.

Келесі кезекте аудиторлық қорытындыны әзірлеу барысында Созақ ауданы бойынша жүзеге асырылып жатқан МЖӘ нысандарының тәуелсіз бағалау

жүргізу нәтижесінде МЖӘ нысандарының жалпы құны анықталған (*тәуелсіз бағалау компаниясы KAZPRICE ЖШС-нің 20.10.2023 жылғы №SHM-0052/23-ЧЗ бағалау есебі*).

Бағалау есебінің нәтижесі бойынша МЖӘ нысанының жалпы құны (аудит объектісі тарапынан теңгерімге (*қалпына келтірілетін*) алатын құны) 288 852,8 мың теңгені құраған.

Сонымен қатар аудиторлық қорытындыны әзірлеу барысында мемлекеттік аудит объектісінің аталған қаржылық бұзушылық сомасын қалпына келтіргені туралы хабарланған (*02.11.2023 жылғы №88 бөлім басшысының м.а Е.Амановтың №88 бұйрығы, 08.11.2023 жылғы №229-11/01-01/897 шығыс хаты*).

2. «Арыс қалалық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесінде 2 324,0 мың теңге (*Аудит барысында анықталған бұзушылықтар қалпына келтірілген*).

3. Кентау қаласы әкімдігінің «Кентау қалалық тұрғын-үй коммуналдық шаруашылық және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» мемлекеттік мекемесінде 400 488,31 мың теңге (*Аудит барысында анықталған бұзушылықтар қалпына келтірілген*).

4. «Түркістан облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы» мемлекеттік мекемесінде 1 888 359,3 мың теңге қаржылық бұзушылықтар анықталған.

Бұл ретте, Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы № 95-IV «Қазақстан Республикасының Бюджет кодексінің», Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылғы 7 қыркүйектегі №444 бұйрығымен бекітілген «Есеп саясатының» және Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылғы 15 маусымдағы №281 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік мекемелердің бухгалтерлік есепке алу шоттарының жоспарын бекіту туралы» бұйрығы, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылғы 03 тамыздағы №393 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік мекемелерде бухгалтерлік есепке алуды жүргізу қағидаларын бекіту туралы» қағидасының талаптары сақталмағаны анықталды.

II. Тиімсіз пайдаланылған бюджет қаражатының (активтердің) сомасы 1 мекемеде 530 608,4 мың теңгені құраған.

1. Түркістан облысының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы» мемлекеттік мекемесінде 530 608,4 мың теңге тиімсіз пайдаланылған бюджет қаражаты анықталды.

Аудит барысында Жекеше әріптес келісім шартының 18.7 тармағының талабы сақталмай Шартқа сәйкес басқаруды жүзеге асырғаны үшін сыйақы сомасын есептеген кезден бастап 120 (15 күнге кешігіп 10.08.2022 жылы мемлекеттік әріптестің есеп шотына қайтарғаны анықталды.

Бұл ретте, Жекеше әріптестің 2021 жылғы реттелетін және реттелмейтін қызметтер көрсетуден түсетін табысты, яғни 530 608 435 теңгені 10.08.2022 жылы басқармаға аударылып, ал басқарма тарапынан аталған қаржы 22.11.2022 жылы жергілікті бюджеттің кіріс бөлігіне кеш аударылып, қаржы

жылының соңына дейін пайдаланылмай, 530 608,4 мың теңге тиімсіз пайдаланылған болып есептеледі.

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 04 желтоқсандағы №95-IV «Бюджет Кодексінің» 4 бабы 12 тармақшасының (тиімділік принципі- бюджет қаражатының бекітілген көлемін пайдаланып, ең үздік тікелей нәтижеге қол жеткізу қажеттілігін негізге ала отырып, бюджеттерді әзірлеу және атқару немесе бюджет қаражатының аз көлемін пайдаланып, тікелей нәтижеге қол жеткізу) талаптары сақталмаған.

Рәсімдерді орындау тәртібінің бұзылуы бойынша 6 объектіде жалпы 11 бірлік бұзушылық фактілері орын алған. Атап айтқанда:

1. Өзге де салалық заңнаманы бұзушылықтар бойынша 6 мекемеде 11 бірлік анықталған:

1. «Созақ аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесі 2 бірлік;

2. «Қызмет сервис –Арыс» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінде 2 бірлік;

3. «Түркістан облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы» мемлекеттік мекемесі 1 бірлік;

4. "TURKISTAN INTERNATIONAL AIRPORT (Туркистан Интернэшнл Аэропорт)" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінде 2 бірлік;

5. Кентау қаласы әкімдігінің «Кентау қалалық тұрғын-үй коммуналдық шаруашылық және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» мемлекеттік мекемесінде 2 бірлік;

6. «Түркістан облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы» мемлекеттік мекемесінде 2 бірлік;

2.3. Мемлекеттік аудит объектілері қызметінің әлеуметтік-экономикалық дамуға әсерін бағалау (өңірлік және (немесе) елдік бөліністе)

Мемлекеттік аудит барысында мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалардың әлеуметтік-экономикалық тұрғыда әсерімен нәтижелерге қол жеткізу тиімділігіне талдау жүргізілді.

Түркістан облысы Арыс қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласы бойынша

Абаттандыру жүйесі

МЖӘ жобасын жүзеге асыру барысында Арыс қаласының көпқабатты үйлердің жанындағы скверлерді абаттандыру және көгалдандыру, егілген тал көшеттері, гүлдер мен отырғызылған шымдарды суару, қырку, көму, құрағандарын қайта егу, күтіп-баптау жұмыстары жүргізілді және скамейкалар, қоқыс жәшіктері, бордюрларды, аяқ жол плиталарын, гүлзарларды, гүл вазаларын, қоршауларын, жарық бағаналарын, светилниктерін, қақпалар мен мүсіндерді сырлау, сынғандарын қалпына келтіру, электр дәнекерлеу, ауыстыру, жөндеу, күтіп ұстау жұмыстары жүргізілген.

Нәтижесінде қаланың жасыл желегін өз қалпында ұстап тұруына және қаланың көркіне сән беруіне әсер еткен.

Сонымен қатар ауа райының, сонымен қатар климаттың жәй –күйін ескере отырып, МЖӘ жобаларын жүзеге асыру барысында Арыс қаласының саябақтарымен қоғамдық бақтарды күтіп ұстау үшін қолданылатын әдіс-тәсілдерді, атап айтқанда суландыру жүйелерін жандандыру қажет деп санаймыз. Яғни суландыру жүйесінің заманауи үлгілерін қалыптастыруды қолға алуды ұсынамыз. Аталған жүйені жандандыру өз кезегінде қаланың абаттандыру, көгалдандыру, көріктендіруіне оң әсерін тигізеді деп санаймыз.

Санитарлық тазалық

Аталған МЖӘ жобасының міндеттемелеріне сәйкес:

Тротуарлар мен аула алаңдары қолмен тазалау жұмыстары жүргізілген. Бұл ретте, жазғы тазалауға: сыпыру, кір жуу немесе суару іргелес аумақтар, көгалдандыру жұмыстары жүргізілген. Тазалау негізі кешке немесе ерте таңғы сағатта, жаяу жүргіншілер саны азайған кезде жүргізіліп отырған. Тротуарлар жаяу жүргіншілер тек қана учаскеге тікелей жақын жерде және ғимараттан автокөлік жолына дейін ашық тротуарларда жасалған.

Нәтижесінде, Арыс қаласының ішкі көшелерімен саябақтарын санитарлық тазалық жұмыстарын жүргізу нәтижесінде ішкі көшелер бойынша 48 897 шаршы метр аумақ тазаланса, 16 580 шаршы метрге парктер мен скверлердің санитарлық тазалық жұмыстары жүргізілген.

Осылайша МЖӘ жобасын жүзеге асыру нәтижесінде Арыс қаласының ішкі көшелерімен саябақтары және қоғамдық парктердің санитарлық тазалығы өз деңгейінде қамтамасыз етіліп, қоғам игілігі үшін жүзеге асырылған.

Жарықтандыру

Көшелерді жарықтандыру желілері: жарықтандыру құрылғыларының саны 6081 дана. МЖӘ жобасы шеңберінде жаңғырту 140 дана, жергілікті бюджет қаражаты есебінен 217 дана, қолданыстағы жарықдиодтық шамдар 497 дана, жарықтандыру құрылғылары бар 4177 дана шамдармен 632 дана шамдар, жарықтандыру құрылғысы 52 дана, арка жарықтандыру үшін жарықдиодты шамдар 8 дана, ғимаратты жарықтандыру 6 дана, жарықтандыру 400 Вт - 11 дана, сыртқы камералар 64 дана, 210 метр жарықдиодты шам, қоршау шамы 684 дана, бағдаршамдар 8 дана, МЖӘ нысандары мемлекеттік әріптестің тапсырмасы бойынша Арыс қаласының (ауылдық округтерді қоспағанда) аумағында орналасқан.

МЖӘ жобасын жүзеге асыру барысында Арыс қаласы Арыс-Шымкент, Көпір, Ақынбеков көшесі, Әл-Фараби, «Тәуелсіздік монументі» , Ергобек, Майлы Қожа, Тәжібаев, Макаатаев, Азизаев, Алтынсарин, Шүкірбеков, Арапов, Тесік көпір, Ахметов, Онтаев, Салықбаев, Конаев, Баудаулетов, Төле би, Қазыбек би, Айтеке би, Байжанов, Отаров., Ауезов, Абдразақов, Асылбеков көшелерін және «Батырлар алаңы», «Жеңіс сквері», «Жастар» саябағы, «Назерке», «Дендросаябақ» «Әл-Фараби» алаңы, Пмс пано саябақ, скверлерін жарықтандыру мақсатында 6980 кВт электр энергиясы жұмсалып, электр энергиясының шығыны үшін жалпы сомасы 5 000,0 мың теңге жұмсалған.

Бұл ретте, «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасының аясында электр энергиясын басқару, жеткізу және үнемдеу принциптарын қолға алу қажет деп санаймыз. Электр энергиясының озық, заманауи үлгідегі технологияларын пайдалану өз нәтижесін беретіні сөзсіз.

Мәселен электр энергиясын үнемдеу және тиімді жеткізу әдісінде ақылды жарықтандыру құрылғысы «Шкаф управление АСУНО», «ТАЙМЕР» секілді құрылғыларды еліміздің біршама өңірлерінде қолданылатынын мысалға келтіруге болады. Аталған құрылғы энергияны үнемдеуге және тоқтың жоғалып кетуін, сонымен қатар энергияның бос жүрісін (потерия тока, холостой ход) бақылауға алуға мүмкіндік береді.

Электр энергиясы - тіршілік көзі және қоғам өмірінің сапасына едәуір әсер ететіні сөзсіз. Сондықтан аталған құрылғыларды немесе сол тектес электр энергиясын үнемдеу тәсілдерін қолдану сапалы қызмет көрсетуге және бюджет қаражатын үнемдеуге оң әсерін береді деп санаймыз.

Түркістан облысы Созақ ауданы тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласы бойынша

Санитарлық тазалық

Аталған МЖӘ жобасының міндеттемелеріне сәйкес:

Тротуарлар мен аула алаңдары қолмен тазалау жұмыстары жүргізілген. Бұл ретте, жазғы тазалауға: сыпыру, кір жуу немесе суару іргелес аумақтар, көгалдандыру жұмыстары жүргізілген. Тазалау негізі кешке немесе ерте таңғы сағатта, жаяу жүргіншілер саны азайған кезде жүргізіліп отырған. Тротуарлар жаяу жүргіншілер тек қана учаскеге тікелей жақын жерде және ғимараттан автокөлік жолына дейін ашық тротуарларда жасалған.

Осылайша МЖӘ жобасын жүзеге асыру нәтижесінде Созақ ауданының ішкі көшелерін санитарлық тазалығы өз деңгейінде қамтамасыз етіліп, қоғам игілігі үшін жүзеге асырылған.

Жарықтандыру

«Түркістан облысы, Созақ ауданындағы көшелерді жарықтандыруды жаңғырту және пайдалану» және «Түркістан облысы, Созақ ауданы, Шолаққорған, Жартытөбе, Құмкент, Жуантөбе, Қаратау, Сызған, Таукент, Қыземшек елді мекеніндегі көшелерді жарықтандыруды жаңғырту және пайдалану» жобасын «Цифрлық Қазақстан» жобасы аясында электр энергиясын пайдалану, жеткізу және басқару құрылғыларымен қамтамасыз етілген. Жобаны жүзеге асыру барысында қосып өшіру құрылғылары ақылды жарықтандыру қораптарымен, және уақыт релесіне ауыстырылған. Ақылды жарықтандыру құрылғысы, «Шкаф управление АСУНО» -13 дана, уақыт релесі «Таймер»-15 дана қойылған.

Бұл ретте, ақылды жарықтандыру құрылғысы арқылы қашықтықтан басқару, яғни қосу-өшіру автоматты түрде қашықтықтан басқарылады. Электр энергиясының кеткен шығынын, есептегіш құрылғы арқылы, компьютер құрылғысына арнайы Кулон программасы арқылы мәлімет 30 сек сайын беріліп отырады. Қысқа тұйықталу болған жағдайда ескертіп нақты фазада болып жатқаны туралы ұдайы мәлімет беріп отырады. Осы құрылғыны пайдалану нәтижесінде электр энергиясын 2,5 есеге үнемдеуге қолжеткізілген. Осылайша

жекеше әріптес Созақ ауданының көшелерін жарықтандырудың заману және озық үлгідегі электр энергиясын басқару құрылғысын пайдаланып, МЖӘ жобасын жүзеге асыруда оң әсерін тигізген.

Түркістан облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар саласы бойынша

МЖӘ жобасының келісім-шартында «Мемлекеттік әріптес» ретінде облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы белгіленген. «Жекеше әріптес» ретінде ЖК «Қалымбетов Д.Ж» және «А.Асыл-Жандар» ЖШС қалыптасқан.

«Түркістан облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасына қарасты мүмкіндігі шектеулі балаларға, қарттар мен 1, 2 топтағы мүгедектерге арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталықтарындағы асханаларды жаңғырту және пайдалану» МЖӘ шарты.

МЖӘ жобасын жүзеге асыру барысында «Жекеше әріптес» ЖК «Қалымбетов Д.Ж» Түркістан облысының №1,2,3,4 мүмкіндігі шектеулі балаларға, қарттар мен 1, 2 топтағы мүгедектерге арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталықтарындағы асханаларды жаңғырту және пайдалану міндеттелген. Жобаны жүзеге асыруда барлығы 950 төсек-орындық орталықта бүгінгі таңда 540 ерлермен 343 әйел мүгедектерді 4 мезгіл тамақтануды ұйымдастырып, асхана мен ас блоктарын жаңғыртылған.

Сонымен қатар МЖӘ жоба аясында асханалармен ас блоктарын қадағалау, бақылау функцияларын жүзеге асыратын «E-ashana» цифрлы бағдарламасы қолданысқа енгізілген.

МЖӘ шартының міндеттемелерін жүзеге асыру барысында МЖӘ нысанының асханалары мен ас блоктарын жаңғыртып, 74 адам жұмыс орнымен қамтамасыз етілген, сонымен қатар цифрландыру жүйесін дамыту арқылы өңірдің әлеуметтік-экономикалық ахуалына оң әсерін тигізгіп, түпкілікті нәтижеге қол жеткізгенін байқауға болады.

Мемлекеттік аудит барысында МЖӘ жобасының тиімділігіне бақылау жүргізілді. Нәтижесінде Жекеше әріптес «Қалымбетов Д.Ж» тарапынан бір қатар ұсыныстар енгізілді.

Атап айтқанда, азық-түлік бағасының МЖӘ шарты жасалған уақыттан қымбаттағаны, сонымен қатар қызметкерлерге еңбек ақы төлеу жүйесінің ақсап тұрғаны туралы баяндалған.

Яғни МЖӘ шарттарын қалыптастыру (жасау) барысында туындайтын бір қатар мәселелер ескерілмегенін байқаймыз.

Сайрам ауданы, Алаш ауылы, Ақсукент ауылдық округіндегі «Мейір» ардагерлер үйін жаңғырту және пайдалану» жобасы («А.Асыл-Жандар» ЖШС) МЖӘ жобасының мақсаты «Мейір» ардагерлер үйінде емдеу-сауықтыру демалысын ұйымдастыру бойынша сапалы қызметтермен қамтамасыз ету болып табылады.

Негізгі қызмет түрі арнайы санаттағы азаматтарды, ҰОС ардагерлерін және оған теңестірілген азаматтарды қысқа мерзімді емдеу және сауықтыру болып табылады. Штаттық құрылымы 96 бірлік, нақты 79 қызметкер жұмыс жасайды. Қуаттылығы 190 төсек-орын бойынша қызметтерді жүзеге асырған.

Түркістан облысының денешынықтыру және спорт саласы бойынша

Жалпы МЖӘ жобасы бойынша спорттың 25 түрінен 7600 баламен 169 жаттықтырушы күнделікті жұмыс атқаруда.

Облыста мемлекеттік - жекешілік әріптестік ұйымдары арасында жалпы барлығы 297 аудандық, облыстық және республикалық спорттық жарыстарға барлығы 2689 спортшылар қатыстып, түрлі нәтижелерге қол жеткізген (258 алтын, 265 күміс, 357 қола медальдар).

Талдау нәтижелері көрсеткендей денешынықтыру, спорт саласының МЖӘ шартын жүзеге асыру – қоғамда бұқаралық спортты дамыту шеңберінде ғана өз әсерін беретін жоба ретінде қарастыруға болатыны анықталды. Яғни, жоба аясында ашылған спорт мектептері тиісті деңгейдегі спорт шеберлерін дайындау немесе спортшыларға спорттық санаттар беру функциялары қарастырылмаған. Демек бұқаралық спортты тиісті деңгейде ұстап тұру тетігі ретінде көзделген.

Бұл ретте, «Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалар бойынша мемлекеттік міндеттемелерді орындау» бюджеттік бағдарламасының тікелей және түпкілікті нәтижелерге қол жеткізу фактілерінің сапасын жетілдіру қажет.

МЖӘ шарттарының әрекет ету мерзімі аяқталған шарттарды одан әрі жалғастыру (мерзімін созу/ жаңадан шарттар қалыптасқан) көзделген жағдайда спорт мектептерінің жұмыс жүргізу функцияларын және механизмдерін жандандыруға аса мән беруді қажет етеді.

Мемлекеттік аудит барысында МЖӘ жобасы «Цифрландыру» механизіміне қосылмағаны анықталды. Келесі кезекте Түркістан облысында жалпы 22 облыстық спорт мекемесі, 50 аудандық, қалалық балалар мен жасөспірімдер спорт мектептері, 27 мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасы аясында ашылған спорт мектептері, мемлекеттік тапсырыспен (14 509 бала) 92 бірлік өнім беруші қалыптасқан. Аталған спорт мекемелерінде спорттың 61 түрі дамытылып, онда 2426 жаттықтырушы 58 574 баламен жұмыс жасауда.

Бұл ретте, спорт мектептерінде спортпен шұғылданушы балалар санын қадағалау, өзге де спорттық ұйымдарда бала санының қайталану фактілерін жүйелендіру (цифрландыру) ұсынылады.

Түркістан облысы Кентау қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласы бойынша

Түркістан облысы, Кентау қаласын санитарлық тазалауға сервистік келісім-шартына сәйкес «жекеше әріптес»-тің міндеттері қаланың 54 көшесін санитарлық тазалау жұмыстарын жүргізу болып табылады.

Мемлекеттік-жекешелік әріптестік шарттың іске асырылуына Кентау қаласы көшелерін жарықтандыруды жаңғырту және пайдалану, 1654 дана жарықдиодты шамдарды ауыстыру көзделетін негізгі техникалық-экономикалық көрсеткіштер, жобаның іске асу кестесі, қажы-экономикалық жоспар, жобаны басқарудың институционалдық схемасы жасалынып, мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасының келісім-шартының қосымшаларына сәйкес жүзеге асырылған.

МЖӘ нысаны - Кентау қалалық көше жолдары желісі. Жоба Кентау қалалық көше жолдары желісінің нысандарын ағымдағы жөндеу және күтіп ұстауды 2020-2025 жылдар аралығында қарастырған.

Жолдардың техникалық санат (2019жыл)	Ұзындығы (км)	Асфальтты жабын (км)	Қиыршық тасты жабын (км)	Жол желісінің жалпы ұзындығы (км)
II	2,45	65,43	36,23	101,66
III	4,8			
IV	6,39			
V	88,02			

Сонымен қатар Кентау қаласындағы Әуезов, Ерназаров, Навои көшелеріне күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілген.

Жалпы сомасы 171 566,80 мың теңге болатын 131 дана көлік бағдаршамымен 87 дана жаяу жүргіншілерге арналған бағдаршам орнатылған. (сметалық құжаттамаға сәйкес, ҚҚС-ты ескере отырып) және жоба аясында 11 жол қиылысы қалған уақыттың кіріктірілген индикаторымен, жарық диодты шамдармен жабдықталған.

МЖӘ жобаларын жүзеге асыруда кентау қаласының елді мекендерін газбен жабдықтау жүйелерін салу және пайдалану жобалары жүзеге асырылған.

Атап айтқанда: Шаға ауылдық округі Шаға елді мекенінің, Шаға ауылдық округі Шоқтас елді мекені, Жаңа Иқан ауылдық округі Ойық елді мекені, Шаға ауылдық округі Бершінтөбе елді мекені, Жаңа Иқан ауылдық округі Ибата елді мекені, Шаға ауылдық округі Қазақстанның ХХХ жылдығы елді мекенін газбен жабдықтау жүйелерін салу және пайдалану жобалары іске асырылған. Аталған іс-шара нәтижесінде ауылдық елді мекен тұрғындарының қол жетімді инфрақұрылым жүйелерімен қамтамасыз етілген.

Түркістан қаласында халықаралық әуежай құрылысын салу, пайдалану және басқару бойынша

Түркістан халықаралық әуежайы пайдалануға берілген сәттен бастап яғни, 2020 жылдың 1-желтоқсанынан 31-желтоқсанына дейін 3299 жолаушыға, 2021 жылы 301 609 жолаушыға, 2022 жылы 373 839 жолаушыға және 2023 жылдың 6 (алты) айында 167 950 жолаушыға қызмет көрсеткен. Қазіргі таңда, аптасына 6 күн Астана қаласына, 5 күн Алматы қаласына, 2 күн Ақтау қаласына, 2 күн Орал қаласына, 2 күн Ақтөбе қаласына, 3 күн Қарағанды қаласына, 3 күн Стамбул қаласына және 2 күн Самарқан қаласына әуе кемелері жолаушыларды тасымалдануда.

Талдау нәтижелері көрсеткендей МЖӘ шартын жүзеге асыруда Түркістан қаласында халықаралық әуежай құрылыс пайдалануға беріліп, өз кезегінде қаланың имиджін қалыптастыруға өз әсерін берген. Сонымен қатар қалаға келуші туристермен қонақтардың сапалы қызмет алуын қамтамасыз еткені байқалады.

Және де әуежайдың қызметін қалыпты жағдайда ұстап тұру үшін жолаушыларды тасымалдаушы компаниялармен (серіктестіктермен) оңтайлы жұмыстар жүргізуді ұсынамыз. Аталған мәселені өз кезегінде дамыту әуежайдың тиімді негізде жұмыс жүргізуіне және қаланың әлеуметтік-экономикалық тұрғыда дамуына оң әсерін тигізеді деп бағаланады.

МЖӘ шарттарының әрекет ету мерзімдерінің аяқталғаннан кейін аталған міндеттемелерді (*Түркістан қаласының халықаралық әуежайын күтіп ұстау, пайдалану және басқару құқықтарын*) одан әрі орындау, тиісінше орындау мәселесін жан-жақты, егжей-тегжейлі қарастыруды ұсынылады.

Жалпы айтқанда МЖӘ жобаларын жүзеге асыруда айқындалған Түркістан облысының әлеуметтік-экономикалық дамуының стратегиялық мақсаттары мен басымдықтарын, негізгі бағыттарын қалыптастыру, облыстың әлеуметтік-экономикалық даму басымдықтары негізінде бюджеттік саясатты жүзеге асыру, өңірлік даму саласында мемлекеттік саясатты жүзеге асыру ретінде тиімді жүзеге асырылып жатқанын атап өтуге болады.

III. Қорытынды бөлік

3.1 Мемлекеттік аудит барысында қабылданған шаралар:

Аудиторлық іс-шараны жүргізу барысында барлығы – 691 665,1 мың теңге бухгалтерлік есеп бойынша қалпына келтірілді.

Бұл ретте мемлекеттік аудитті жүргізу барысында «Созақ ауданы әкімдігінің тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесі бойынша МЖӘ нысандарының (*Созақ ауданы бойынша елді мекендердің көше жарық шамдарының*) құны айқындалмағаны және теңгерімге алынбағаны анықталған. Аудит барысында аудит объектісіне МЖӘ нысандарының құнын айқындау және оны теңгерімге алу ұсынылған.

Яғни аудит есебін әзірлеу барысында аталған бұзушылық жиынтық тізілімнің 4-қосымшасында рәсімдік сипаттағы бұзушылық ретінде нақтыланған. Оған себеп, МЖӘ нысанының жалпы құнының анықталмағаны негіз болып табылған.

Келесі кезекте аудиторлық қорытындыны әзірлеу барысында төменде келтірілген негіздемелерге сәйкес бұзушылық сомасы жиынтық тізілімде қаржылық бұзушылық ретінде нақтыланған.

Атап айтқанда:

Аудиторлық қорытындыны әзірлеу барысында Созақ ауданы бойынша жүзеге асырылып жатқан МЖӘ нысандарының тәуелсіз бағалау жүргізу нәтижесінде МЖӘ нысандарының жалпы құны анықталған (*тәуелсіз бағалау компаниясы KAZPRICE ЖШС-нің 20.10.2023 жылғы №SHM-0052/23-ЧЗ бағалау есебі*).

Бағалау есебінің нәтижесі бойынша МЖӘ нысанының жалпы құны (аудит объектісі тарапынан теңгерімге (*қалпына келтірілетін*) алатын құны) 288 852,8 мың теңгені құраған.

Сонымен қатар аудиторлық қорытындыны әзірлеу барысында мемлекеттік аудит объектісінің аталған қаржылық бұзушылық сомасын қалпына келтіргені туралы хабарланған (02.11.2023 жылғы №88 бөлім басшысының м.а Е.Амановтың №88 бұйрығы, 08.11.2023 жылғы №229-11/01-01/897 шығыс хаты).

Әкімшілік құқық бұзушылық белгілері бар 3 факті бойынша материалдар әкімшілік іс жүргізуді қозғау үшін Түркістан облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаментіне берілді.

Атап айтқанда:

1. Түркістан облысы бойынша тексеру комиссиясының тарапынан 10.10.2023-ғы №09/2286 шығыс хатымен Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» №235-V ҚРЗ Кодексінің 238 бабына сәйкес қаржылық бұзушылыққа жол берген лауазымды тұлға болып табылатын «Арыс қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесінде бас маман-есепші Смайлова Гульнара Тулебековнаға әкімшілік хаттама толтыру және әкімшілік шара көру үшін тиісті материалдар жолданған.

2. Түркістан облысы бойынша тексеру комиссиясының тарапынан 21.11.2023-ғы №09/2658 шығыс хатымен Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» №235-V ҚРЗ Кодексінің 238 бабына сәйкес қаржылық бұзушылыққа жол берген лауазымды тұлға болып табылатын Кентау қаласы әкімдігінің «Кентау қалалық тұрғын-үй коммуналдық шаруашылық және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» мемлекеттік мекемесінде бас маман есепшісі Ерман Мәлік Досболұлына әкімшілік хаттама толтыру және әкімшілік шара көру үшін тиісті материалдар жолданған.

3. Түркістан облысы бойынша тексеру комиссиясының тарапынан 21.11.2023-ғы №09/2659 шығыс хатымен Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» №235-V ҚРЗ Кодексінің 238 бабына сәйкес қаржылық бұзушылыққа жол берген лауазымды тұлға болып табылатын «Түркістан облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы» мемлекеттік мекемесінде қаржыландыру және бюджеттік жоспарлау бөлімінің басшысы Қуанышова Маржан Сапарбаевнаға әкімшілік хаттама толтыру және әкімшілік шара көру үшін тиісті материалдар жолданған.

Аудиторлық іс-шара және аудиторлық қорытынды әзірлеу барысында барлығы екі (2) аудит объектісі бойынша екі (2) жауапты лауазымды тұлғаға тәртіптік шара қолданылған. Сонымен қатар 1 мекеме бойынша жауапты тұлғалардың жұмыстан босап кетуіне және мерзімі өтуіне байланысты тәртіптік шара қолдану мүмкіндігі болмаған. Атап айтқанда:

1. "TURKISTAN INTERNATIONAL AIRPORT (Туркистан Интернэшнл Аэропорт)" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің атқарушы директоры И.М.Нугумановтың 27.11.2023 жылғы №ТІА-607 шығыс хатымен серіктестіктің қаржы директоры Хасан Мизракқа жүктелген міндетін тиісінше орындамағаны үшін «Ескерту» түрінде тәртіптік шара көрілгені хабарланған. (08.11.2023 жылғы №ТІА 10-ТЖ бұйрығы)

Мемлекеттік аудит барысында анықталған бұзушылықтарға жол берген "TURKISTAN INTERNATIONAL AIRPORT (Туркистан Интернэшнл Аэропорт)" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің есеп-қисап және қаржы бөлімінің бас бухгалтері Корукпасова Сандугаш Абаевна 20.01.2023 жылғы №ТІА-05 бұйрығымен жұмыстан шығарылуына байланысты шара көру мүмкіндігі болмағаны туралы хабарланған (27.11.2023 жылғы №ТІА-607 шығыс хаты).

2. Кентау қаласы әкімдігінің «Кентау қалалық тұрғын-үй коммуналдық шаруашылық және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» мемлекеттік мекемесінің 28.11.2023 жылғы №96 бұйрығымен бөлімнің бас маманы М.Ерманға жүктелген міндетін тиісінше орындамағаны үшін «Сөгіс» түрінде тәртіптік шара көрілгені хабарланған (30.11.2023 жылғы №229-13-01-26\1328 шығыс хаты).

3.2 Мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша тұжырымдар

Мемлекеттік аудит барысында мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасының іске асырылу тиімділігі, әлеуметтік-экономикалық тұрғыда әсеріне талдау жүргізілді.

Түркістан облысы Созақ ауданы бойынша МЖӘ жобалары

Аудит жүргізу барысында қолданыстағы көшелерді жарықтандыру желілерінің және олармен ажырағысыз байланыстағы жер учаскелерінің меншік иесі екендігі растайтын құжаттары және олардың баланстық құны және баланс ұстаушысы айқындалмағаны анықталды.

Бухгалтерлік есепті жүргізу, қаржылық есептілікті жасау бойынша мемлекеттік аудитпен қамтылған кезең аралығында «Түркістан облысы, Созақ ауданындағы көшелерді жарықтандыруды жаңғырту және пайдалану» туралы №5 келісім шартының 1-қосымшасына сәйкес 930 дана құрайтын электр желісінің тіреуіштері және «Түркістан облысы, Созақ ауданы, Шолаққорған, Жартытөбе, Құмкент, Жуантөбе, Қаратау, Сызған, Таукент, Қыземшек елді мекеніндегі көшелерді жарықтандыруды жаңғырту және пайдалану» туралы №12 келісім шартының 5-қосымшасына сәйкес 753 құрайтын электр желісінің тіреуіштерін бүгінгі таңға дейін «Созақ аудан әкімдігінің тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдар бөлімі» мемлекеттік мекемесінің 2300 «Негізгі құралдар» балансқа алынбағаны анықталды.

Аудит жүргізу мерзімінде «Созақ ауданы әкімдігінің тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесіне жоғарыдағы МЖӘ келісім шарттарында көрсетілген жарықтандыру мүліктік кешеніне (құрал жабдықтарына, жарықтандыру құрылғыларына, электр тіреуіштеріне) нақты бағалау және түгендеу жүргізіп, құнын шығарып, мекеменің балансына қабылдау шараларын жүргізу туралы ұсыныс берілді.

«Созақ аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесінде 288 852,8

мың теңге. (Аудит барысында анықталған бұзушылықтар қалпына келтірілген).

Бұл ретте мемлекеттік аудитті жүргізу барысында аудит объектісінің МЖӘ нысандарының (Созақ ауданы бойынша елді мекендердің көше жарық шамдарының) құны айқындалмағаны және теңгерімге алынбағаны анықталған. Аудит барысында аудит объектісіне МЖӘ нысандарының құнын айқындау және оны теңгерімге алу ұсынылған.

Келесі кезекте аудиторлық қорытындыны әзірлеу барысында Созақ ауданы бойынша жүзеге асырылып жатқан МЖӘ нысандарының тәуелсіз бағалау жүргізу нәтижесінде МЖӘ нысандарының жалпы құны анықталған.(тәуелсіз бағалау компаниясы KAZPRICE ЖШС-нің 20.10.2023 жылғы №SHM-0052/23-ЧЗ бағалау есебі)

Бағалау есебінің нәтижесі бойынша МЖӘ нысанының жалпы құны (аудит объектісі тарапынан теңгерімге алатын құны) 288 852,8 мың теңге.

МЖӘ жобасының келісім-шартында «Мемлекеттік әріптес» ретінде облыстық басқарма және жергілікті жердегі аудандық бөлімдері белгіленген. Аудит барысында келісім-шарттың қосымшаларында көрсетілген «Жекеше әріптес» тарапынан жылдық, тоқсандық, айлық есептер өз дәрежесінде тапсырылмаған және талап етілмеген. Сонымен қатар «Мемлекеттік әріптес» тарапынан қадағалау және мониторинг жұмыстарының жүргізілуі дәрежесі төмен деп бағаланады.

Санитарлық тазалық

Аталған МЖӘ жобасының міндеттемелеріне сәйкес:

Тротуарлар мен аула алаңдары қолмен тазалау жұмыстары жүргізілген. Бұл ретте, жазғы тазалауға: сыпыру, кір жуу немесе суару іргелес аумақтар, көгалдандыру жұмыстары жүргізілген. Тазалау негізі кешке немесе ерте таңғы сағатта, жаяу жүргіншілер саны азайған кезде жүргізіліп отырған. Тротуарлар жаяу жүргіншілер тек қана учаскеге тікелей жақын жерде және ғимараттан автокөлік жолына дейін ашық тротуарларда жасалған.

Осылайша МЖӘ жобасын жүзеге асыру нәтижесінде Созақ ауданының ішкі көшелерін санитарлық тазалығы өз деңгейінде қамтамасыз етіліп, қоғам игілігі үшін жүзеге асырылған.

Жарықтандыру

«Түркістан облысы, Созақ ауданындағы көшелерді жарықтандыруды жаңғырту және пайдалану» және «Түркістан облысы, Созақ ауданы, Шолаққорған, Жартытөбе, Құмкент, Жуантөбе, Қаратау, Сызған, Таукент, Қыземшек елді мекеніндегі көшелерді жарықтандыруды жаңғырту және пайдалану» жобасын «Цифрлық Қазақстан» жобасы аясында электр энергиясын пайдалану, жеткізу және басқару құрылғыларымен қамтамасыз етілген. Жобаны жүзеге асыру барысында қосып өшіру құрылғылары ақылды жарықтандыру қораптарымен, және уақыт релесіне ауыстырылған. Ақылды жарықтандыру құрылғысы, «Шкаф управление АСУНО» -13 дана, уақыт релесі «Таймер»-15 дана қойылған.

Бұл ретте, ақылды жарықтандыру құрылғысы арқылы қашықтықтан басқару, яғни қосу-өшіру автоматты түрде қашықтықтан басқарылады.

Электрэнергиясының кеткен шығынын, есептегіш құрылғы арқылы, компьютер құрылғысына арнайы Кулон программасы арқылы мәлімет 30 сек сайын беріліп отырады. Қысқа тұйықталу болған жағдайда ескертіп нақты фазада болып жатқаны туралы ұдайы мәлімет беріп отырады. Осы құрылғыны пайдалану нәтижесінде электр энергиясын 2,5 есеге үнемдеуге қолжеткізілген. Осылайша жекеше әріптес Созақ ауданының көшелерін жарықтандырудың заману және озық үлгідегі электр энергиясын басқару құрылғысын пайдаланып, МЖӘ жобасын жүзеге асыруда оң әсерін тигізген.

1) Мемлекеттік аудит барысында аудит пен қамтылған мерзім аралығында мемлекеттік әріптес «Созақ аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесі тарапынан заңнамаға сәйкес МЖӘ объектісін жаңғырту мен пайдалануға мониторинг және бағалау жұмыстарының жүргізілмегені, яғни МЖӘ шартының талаптарын орындамағаны анықталды.

2) Мемлекеттік әріптес – «Созақ ауданы әкімдігінің тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесі Жекеше әріптес «Торлан-Строй» ЖШС-не Мүліктік кешенді ретінде сенімгерлік басқаруға беру үшін заңнамаға сәйкес мемлекеттік аудитпен қамтылған мерзім кезеңінде (2020-2023 жылдарда) барлық қажетті шараларды қабылдамағаны анықталды.

3) Созақ ауданы әкімдігінің тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесімен қолданыстағы көшелерді жарықтандыру желіренің және олармен ажырағысыз байланыстағы жер учаскелерінің меншік иесі екендігі растайтын құжаттары және олардың баланстық құны және баланс ұстаушысы айқындалмаған

Сонымен қатар, МЖӘ жобалары келісім шарттарының әрекет ету мерзімдерінің аяқталғаннан кейін аталған міндеттемелерді (*қаланы жарықтандыру, санитарлық тазалық жұмыстары*) одан әрі орындау, тиісінше орындау мәселесін жан-жақты, егжей-тегжейлі қарастыруды ұсынылды.

Түркістан облысы Арыс қаласы бойынша МЖӘ жобалары

1) 2023 жылы 6 айында 2324,0 мың теңгеге сатып алынған электротехникалық материалдар (*1311 шоты «Құрылыс материалдары»*) мекемінің баланысына есепке алынбағаны анықталды.

МЖӘ жобасының келісім-шартында «Мемлекеттік әріптес» ретінде облыстық басқарма және жергілікті жердегі аудандық бөлімдері белгіленген. Аудит барысында келісім-шарттың қосымшаларында көрсетілген «Жекеше әріптес» тарапынан жылдық, тоқсандық, айлық есептер өз дәрежесінде тапсырылмаған және талап етілмеген. Сонымен қатар «Мемлекеттік әріптес» тарапынан қадағалау және мониторинг жұмыстарының жүргізілуі дәрежесі төмен деп бағаланады.

Абаттандыру жүйесі

МЖӘ жобасын жүзеге асыру барысында Арыс қаласының көпқабатты үйлердің жанындағы скверлерді абаттандыру және көгалдандыру, егілген тал

көшеттері, гүлдер мен отырғызылған шымдарды суару, қырку, көму, құрағандарын қайта егу, күтіп-баптау жұмыстары жүргізілді және скамейкалар, қоқыс жәшіктері, бордюрларды, аяқ жол плиталарын, гүлзарларды, гүл вазаларын, қоршауларын, жарық бағаналарын, светилниктерін, қақпалар мен мүсіндерді сырлау, сынғандарын қалпына келтіру, электр дәнекерлеу, ауыстыру, жөндеу, күтіп ұстау жұмыстары жүргізілген. Нәтижесінде қаланың жасыл желегін өз қалпында ұстап тұруына және қаланың көркіне сән беруіне әсер еткен.

Ауа райының, сонымен қатар климаттың жәй –күйін ескере отырып, МЖӘ жобаларын жүзеге асыру барысында Арыс қаласының саябақтарымен қоғамдық бақтарды күтіп ұстау үшін қолданылатын әдіс-тәсілдерді, атап айтқанда суландыру жүйелерін жандандыру қажет деп санаймыз. Яғни суландыру жүйесінің заманауи үлгілерін қалыптастыруды қолға алуды ұсынамыз. Аталған жүйені жандандыру өз кезегінде қаланың абаттандыру, көгалдандыру, көріктендіруіне оң әсерін тигізеді деп санаймыз.

Санитарлық тазалық

Аталған МЖӘ жобасының міндеттемелеріне сәйкес:

Тротуарлар мен аула алаңдары қолмен тазалау жұмыстары жүргізілген. Бұл ретте, жазғы тазалауға: сыпыру, кір жуу немесе суару іргелес аумақтар, көгалдандыру жұмыстары жүргізілген. Тазалау негізі кешке немесе ерте таңғы сағатта, жаяу жүргіншілер саны азайған кезде жүргізіліп отырған. Тротуарлар жаяу жүргіншілер тек қана учаскеге тікелей жақын жерде және ғимараттан автокөлік жолына дейін ашық тротуарларда жасалған.

Нәтижесінде, Арыс қаласының ішкі көшелерімен саябақтарын санитарлық тазалық жұмыстарын жүргізу нәтижесінде ішкі көшелер бойынша 48 897 шаршы метр аумақ тазаланса, 16 580 шаршы метрге парктер мен скверлердің санитарлық тазалық жұмыстары жүргізілген.

Осылайша МЖӘ жобасын жүзеге асыру нәтижесінде Арыс қаласының ішкі көшелерімен саябақтары және қоғамдық парктердің санитарлық тазалығы өз деңгейінде қамтамасыз етіліп, қоғам игілігі үшін жүзеге асырылған.

Жарықтандыру

Көшелерді жарықтандыру желілері: жарықтандыру құрылғыларының саны 6081 дана. МЖӘ жобасы шеңберінде жаңғырту 140 дана, жергілікті бюджет қаражаты есебінен 217 дана, қолданыстағы жарықдиодтық шамдар 497 дана, жарықтандыру құрылғылары бар 4177 дана шамдармен 632 дана шамдар, жарықтандыру құрылғысы 52 дана, арка жарықтандыру үшін жарықдиодты шамдар 8 дана, ғимаратты жарықтандыру 6 дана, жарықтандыру 400 Вт - 11 дана, сыртқы камералар 64 дана, 210 метр жарықдиодты шам, қоршау шамы 684 дана, бағдаршамдар 8 дана, МЖӘ нысандары мемлекеттік әріптестің тапсырмасы бойынша Арыс қаласының (ауылдық округтерді қоспағанда) аумағында орналасқан.

МЖӘ жобасын жүзеге асыру барысында Арыс қаласы Арыс-Шымкент, Көпір, Ақынбеков көшесі, Әл-Фараби, «Тәуелсіздік монументі» , Ергобек, Майлы Қожа, Тәжібаев, Мақатаев, Азизаев, Алтынсарин, Шүкірбеков, Арапов,

Тесік көпір, Ахметов, Онтаев, Салықбаев, Конаев, Баудаулетов, Төле би, Казыбек би, Айтеке би, Байжанов, Отаров., Ауезов, Абдразақов, Асылбеков көшелерін және «Батырлар алаңы», «Жеңіс сквері», «Жастар» саябағы, «Назерке», «Дендросаябақ» «Әл-Фараби» алаңы, Пмс пано саябақ, скверлерін жарықтандыру мақсатында 6980 кВт электр энергиясы жұмсалып, электр энергиясының шығыны үшін жалпы сомасы 5 000,0 мың теңге жұмсалған.

Бұл ретте, «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасының аясында электр энергиясын басқару, жеткізу және үнемдеу принциптарын қолға алу қажет деп санаймыз. Электр энергиясының озық, заманауи үлгідегі технологияларын пайдалану өз нәтижесін беретіні сөзсіз.

Мәселен электр энергиясын үнемдеу және тиімді жеткізу әдісінде ақылды жарықтандыру құрылғысы «Шкаф управление АСУНО», «ТАЙМЕР» секілді құрылғыларды еліміздің біршама өңірлерінде қолданылатынын мысалға келтіруге болады. Аталған құрылғы энергияны үнемдеуге және тоқтың жоғалып кетуін, сонымен қатар энергияның бос жүрісін (потерия тока, холостой ход) бақылауға алуға мүмкіндік береді.

Электр энергиясы - тіршілік көзі және қоғам өмірінің сапасына едәуір әсер ететіні сөзсіз. Сондықтан аталған құрылғыларды немесе сол тектес электр энергиясын үнемдеу тәсілдерін қолдану сапалы қызмет көрсетуге және бюджет қаражатын үнемдеуге оң әсерін береді деп санаймыз.

Сонымен қатар аудит барысында 26.11.2018 жылғы №3 «Түркістан облысы, Арыс қаласын абаттандыру сервистік келісім шартының 23.5 тармағына сәйкес МЖӘ (мемлекеттік жекеше әріптестік) жобасының кейінгі іске асырылуын бағалауды жүргізу үшін МЖӘ объектісін басқару бойынша өзінің қызметі туралы есепті жазбаша түрінде Мемлекеттік әріптеске ұсынбаған, және де 26.11.2018 жылғы №4 «Түркістан қаласы, арыс қаласындағы көшелерді жарықтандыруды жаңғырту және пайдалану» келісім шарттың 32- тармағына сәйкес Жекеше әріптес заңнамада белгіленген тәртіппен МЖӘ объектісін және жекеше әріптестің жабдығы, персоналына сақтандыруды жасамағаны анықталды.

Түркістан облысы Кентау қаласы бойынша МЖӘ жобалары

Мемлекеттік аудитпен қамтылған кезең бойынша 400 488,31 мың теңге қаржылық бұзушылық және 3 бірлік рәсімдік сипаттағы бұзушылық анықталды.

Қаржылық бұзушылық:

1)Жекеше әріптес «NET STORY ENGINEERING»ЖШС-мен 2022 жылы Кентау қаласының 35 көшесіне 400 488,31 мың теңгеге орташа жөндеу жұмыстары мекемемен қабылдап алынған. Алайда, активтерді қабылдап алу № НҚ -1 нысаны бойынша рәсімделмеген және бухгалтерлік қызметпен мекеменің балансына есепке алынбаған.

Рәсімдік бұзушылықтар:

1) Мемлекеттік аудит барысында «Түркістан облысы, Кентау қаласындағы көшелерді жарықтандыруды жаңғырту және пайдалану» мемлекеттік-жекешелік әріптестік шарттың іске асыруда МЖӘ жобасын жүзеге асыруда келісім шарттың 7-бөлігінің 7.1 тармағының

талаптарына сәйкес шарттың әрекет ету мерзіміне басқармамен Жекеше әріптеске «Группа Интеко» ЖШС-не Мүліктік кешенді сенімгерлік басқаруға беру үшін Заңнамаға сәйкес барлық қажетті шараларды қабылданбағаны анықталды.

2)«Түркістан облысы, Кентау қаласындағы көшелерді жарықтандыруды жаңғырту және пайдалану» мемлекеттік-жекешелік әріптестік шарттың іске асыруда МЖӘ шартының 12-бөлігінің 12.1 тармағының талаптарына сәйкес Жекеше әріптес «Группа Интеко» ЖШС ауыстырылған шамдарды Заңнамаға сәйкес кәдеге жарату (утилизация) көзделген. Алайда, аудит барысында аталған тармақтардың орындалмағаны анықталды.

3) Кентау қаласы әкімдігінің «Кентау қалалық тұрғын-үй коммуналдық шаруашылық және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» мемлекеттік мекемесі тарапынан жергілікті мемлекеттік-жекешелік әріптестік шарттарының және жергілікті мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларының іске асырылу мониторингі 2022 жылдың қорытындысы бойынша жүргізілмеген.

Мемлекеттік аудит барысында қамтылған мерзім аралығында МЖӘ шарттарының орындалуы мен түпкілікті және тікелей нәтижелерге қол жеткізу жолдары мен нәтижелеріне талдау, бағалау жұмыстары жүргізілді.

Мемлекеттік әріптес – Кентау қаласы әкімдігінің қалалық тұрғын-үй коммуналдық шаруашылық және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» мемлекеттік мекемесі Жекеше әріптеске Мүліктік кешенді ретінде сенімгерлік басқаруға беру үшін заңнамаға сәйкес мемлекеттік аудитпен қамтылған мерзім кезеңінде қажетті шараларды қабылдамағаны анықталды.

Сонымен қатар, МЖӘ жобалары келісім шарттарының әрекет ету мерзімдерінің аяқталғаннан кейін аталған міндеттемелерді (*қаланы жарықтандыру, санитарлық тазалық жұмыстары*) одан әрі орындау, тиісінше орындау мәселесін жан-жақты, егжей-тегжейлі қарастыруды ұсынылады.

Жергілікті атқарушы органдарымен Кентау қаласы әкімдігінің «Кентау қалалық тұрғын-үй коммуналдық шаруашылық және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» мемлекеттік мекемесіне қарасты мемлекеттік-жекешелік әріптестік шарттарының және жергілікті мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларының іске асырылуна тиісті сала мамандарын тарта отырып, толыққанды мониторингті жүргізуді ұсынылады.

Кентау қаласы бойынша МЖӘ шарттарын (жобасын) жүзеге асыру мақсатында «Жекеше әріптестерді» айқындау процестері Мемлекеттік жекешелік әріптестік туралы Заңының аясында жүргізілген.

Алайда мемлекеттік аудит барысында жекеше әріптестестерді айқындау туралы конкурстық комиссия хаттамасында әлеуетті қызмет көрсетушілердің (жекеше әріптестердің) өлшемшарттарын бағалау нәтижелерінде 0 (нөл) балл берілген. Атап айтқанда:

1.«Түркістан облысы Кентау қаласы Шаға ауылдық округі Шаға елді мекенінің газбен жабдықтау желілерін салу» бойынша жекешелік әріптесті анықтау барысында конкурстық комиссияның шешіміне сәйкес өлшемшарттарға 0 (нөл) балл берілген.

2. «Түркістан облысы Кентау қаласы Шаға ауылдық округі Бершінтөбе елді мекенінің газбен жабдықтау желілерін салу» жобасы бойынша жекешелік әріптесті анықтау барысында конкурстық комиссияның шешіміне сәйкес өлшемшарттарға 0 (нөл) балл берілген.

3. «Түркістан облысы Кентау қаласы Шаға ауылдық округі Қазақстанның ХХХ жылдығы елді мекенін газбен жабдықтау жүйелерін салу және пайдалану» жобасы бойынша жекешелік әріптесті анықтау барысында конкурстық комиссияның шешіміне сәйкес өлшемшарттарға 0 (нөл) балл берілген.

4. «Түркістан облысы, Кентау қаласының автомобиль жолдарын күрделі, орташа, ағымдағы жөндеу және пайдалану» жобасы бойынша жекешелік әріптесті анықтау барысында конкурстық комиссияның шешіміне сәйкес өлшемшарттарға 0 (нөл) балл берілген.

Бұл ретте өлшемшарттарды бағалау сапасы төмен деп бағаланады.

Түркістан облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы бойынша МЖӘ жобалары

МЖӘ жобасының келісім-шартында «Мемлекеттік әріптес» ретінде облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы белгіленген. «Жекеше әріптес» ретінде ЖК «Қалымбетов Д.Ж» және «А.Асыл-Жандар» ЖШС қалыптасқан.

«Түркістан облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасына қарасты мүмкіндігі шектеулі балаларға, қарттар мен 1, 2 топтағы мүгедектерге арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталықтарындағы асханаларды жаңғырту және пайдалану» МЖӘ шарты

МЖӘ жобасын жүзеге асыру барысында «Жекеше әріптес» ЖК «Қалымбетов Д.Ж» Түркістан облысының №1,2,3,4 мүмкіндігі шектеулі балаларға, қарттар мен 1, 2 топтағы мүгедектерге арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталықтарындағы асханаларды жаңғырту және пайдалану міндеттелген. Жобаны жүзеге асыруда барлығы 950 төсек-орындық орталықта бүгінгі таңда 540 ерлермен 343 әйел мүгедектерді 4 мезгіл тамақтануды ұйымдастырып, асхана мен ас блоктарын жаңғыртылған.

Сонымен қатар МЖӘ жоба аясында асханалармен ас блоктарын қадағалау, бақылау функцияларын жүзеге асыратын «E-ashana» цифрлы бағдарламасы қолданысқа енгізілген.

Қорыта келе, МЖӘ шартының міндеттемелерін жүзеге асыру барысында МЖӘ нысанының асханалары мен ас блоктарын жаңғыртып, 74 адам жұмыс орнымен қамтамасыз етілген, сонымен қатар цифрландыру жүйесін дамыту арқылы өңірдің әлеуметтік-экономикалық ахуалына оң әсерін тигізгіп, түпкілікті нәтижеге қол жеткізгенін байқауға болады.

Мемлекеттік аудит барысында МЖӘ жобасының тиімділігіне бақылау жүргізілді. Нәтижесінде Жекеше әріптес «Қалымбетов Д.Ж» тарапынан бір қатар ұсыныстар енгізілді.

Сайрам ауданы, Алаш ауылы, Ақсукуент ауылдық округіндегі «Мейір» ардагерлер үйін жаңғырту және пайдалану» жобасы («А.Асыл-Жандар» ЖШС)

МЖӘ жобасының мақсаты «Мейір» ардагерлер үйінде емдеу-сауықтыру демалысын ұйымдастыру бойынша сапалы қызметтермен қамтамасыз ету болып табылады.

МЖӘ жобасының іске асуын тексеру, талдау барысында төмендегі бағалау нәтижесіне көз жеткіземіз.

Мәселен, 2020 жылы (МЖӘ жобасы іске қосылғанға дейін) «Мейір» ардагерлер үйін күтіп ұстау оның ішінде қызметкерлердің еңбек ақысы, азық-түлік сатып алу, жанар жағар май, дәрі-дәрмек сатып алу, коммуналдық қызмет ақысы және құрал-жабдықтар сатып алу үшін барлығы 142 529,0 мың теңге бюджет қаражаты жұмсалған.

Ендігі кезекте ардагерлер үйі 2021 жылы МЖӘ жобасы бойынша жекеше әріптеске берілген. Бұл ретте 2022 жылы 234 356,0 мың теңге және 2023 жылдың 6 айында 121 200,0 мың теңге ардагерлер үйін күтіп ұстау үшін жекеше әріптестің операциялық шығынын өтеуге жұмсалған.

Талдау барысында байқағанымыздай 2022 жылы 2020 жылмен салыстырғанда мекемені күтіп ұстау шығындары 60,8 % -ға артқанына көз жеткіземіз.

Яғни, «Сайрам ауданы, Алаш ауылы, Ақсукеңт ауылдық округіндегі «Мейір» ардагерлер үйін жаңғырту және пайдалану» МЖӘ жобасын жүзеге асыруда бюджет қаражатын тиімсіз пайдалану ықтималдығын байқаймыз.

Түркістан облысының денешынықтыру және спорт басқармасы бойынша МЖӘ жобалары

Аудит нәтижесінде 1 қаржылық және 2 рәсімдік бұзушылықтар анықталды.

Қаржылық бұзушылық:

1) аудитпен қамтылған кезең аралығында 23 МЖӘ шарты аясында жекеше әріптестерге басқарма тарапынан барлығы 1 888 359,3 мың теңге операциялық шығындарды өтеуге жұмсалған. Оның ішінде 2021 жылдың екінші жартыжылдығында 467 726,1 мың теңге, 2022 жылға 977 868,1 мың теңге, 2023 жылдың 6 айында 442 765,1 мың теңге шығыс болған. Алайда, мекемемен бухгалтерлік есептері жүргізілмеген, яғни «1С бухгалтер» бағдарламасына енгізілмей айналым сальдо ведомосты жасалмағаны, жекеше әріптестермен салыстыру актілері, алашақ, берешек қарыздары бойынша есептері жасалмағаны анықталды. Бұл ретте, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылғы 3 тамыздағы №393 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік мекемелерде бухгалтерлік есепке алуды жүргізу қағидаларының» 4,6,12,15 тармақтары сақталмаған.

Рәсімдік бұзушылықтар:

1) МЖӘ келісім шартының 9,2 тармағына сәйкес аудитпен қамтылған 23 МЖӘ келісім шарты бойынша Жекеше әріптестермен оқыту және біліктілігін арттыру бағдарламалары жасалып ұсынылмаған, спорт мамандарының біліктілігін арттыру шаралары қабылданбаған. Бұл ретте, МЖӘ келісім шартының 9,2 тармағының талаптары орындалмаған.

2) МЖӘ келісім шартының 5-қосымшасының 4-бөлігін сәйкес Жекеше әріптестермен, атап айтқанда: ЖШС «АААЕС спорт мектебі», «Алмас

қылыш» спорт клубы қоғамдық бірлестігі, ЖШС «Дәулет-2020», ЖК «Кенжебекова Б.С», ЖК «Бақ-Нұр» спорт мектебі, ЖК «Дина», ЖК «МАХАНБЕТОВ И.А.», ЖК «Мырзабаев С», ЖК «Акешов Г.М.», ЖК «Науырызбай», ЖК «Оразымбетова А.А.», ЖК «Садыкова З.Е.», ЖК «Турсымбеков К.Ш», ЖК «Усманов Х.Ю.», ЖШС «І Нуржан-ата и Ко», ЖШС «МАМЫР АТА» спорт мектебі», ЖШС «СОК Астана», ЖШС «Арыс спорт мектебі» қаржылық есептіліктері әзірленіп, МӘ толық үлгіде ұсынылмаған. Бұл ретте, мемлекеттік әріптес - «Түркістан облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы» мемлекеттік мекемесімен жекеше әріптестің келісім шарт бойынша өзіне жүктелген міндеттемелерді орындау туралы дәлелді құжаттарды толық көлемде талап етілмеген. МЖӘ келісім шартының 5-қосымшасының 4-бөлігінің талаптары сақталмаған және 11.1 тармағының 5 тармақшасы сақталмаған.

Мемлекеттік аудит барысында Түркістан облысы денешынықтыру және спорт басқармасы тарапынан жүзеге асырылып жатқан спорт саласы бойынша МЖӘ жобаларының тиімділігін талдау және бағалау жұмыстары жүргізілді.

Түркістан облысының денешынықтыру және спорт басқармасы тарапынан МЖӘ жобасы бойынша денешынықтыру және спорт аясында 23 МЖӘ шарты түзілген. Мемлекеттік аудитпен қамтылған кезең аралығында келісім шарт бойынша 1 888 359,3 мың теңге жоспарланып, игерілген.

Облыстық басқарма мемлекеттік – жекешелік әріптестік аясында қабылданған мемлекеттік міндеттемелер бойынша аудан, қала аумағында Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 31 қазандағы «Мемлекеттік-жекешелік әріптестік туралы» №379-V Заңына, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің м.а. 2015 жылғы 25 қарашадағы №725 «Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларын жоспарлаудың және іске асырудың кейбір мәселелері туралы» бұйрығының талаптарына сәйкес жұмыстар жүргізген.

Жалпы МЖӘ жобасы бойынша спорттың 25 түрінен 7600 баламен 169 жаттықтырушы күнделікті жұмыс атқаруда.

Облыста мемлекеттік - жекешелік әріптестік ұйымдары арасында жалпы барлығы 297 аудандық, облыстық және республикалық спорттық жарыстарға барлығы 2689 спортшылар қатыстып, түрлі нәтижелерге қол жеткізген (258 алтын, 265 күміс, 357 қола медальдар).

Талдау нәтижелері көрсеткендей денешынықтыру, спорт саласының МЖӘ шартын жүзеге асыру – қоғамда бұқаралық спортты дамыту шеңберінде ғана өз әсерін беретін жоба ретінде қарастыруға болатыны анықталды. Яғни, жоба аясында ашылған спорт мектептері тиісті деңгейдегі спорт шеберлерін дайындау немесе спортшыларға спорттық санаттар беру функциялары қарастырылмаған. Демек бұқаралық спортты тиісті деңгейде ұстап тұру тетігі ретінде көзделген.

Бұл ретте, «Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалар бойынша мемлекеттік міндеттемелерді орындау» бюджеттік бағдарламасының тікелей және түпкілікті нәтижелерге қол жеткізу фактілерінің сапасын жетілдіру қажет.

МЖӘ шарттарының әрекет ету мерзімі аяқталған шарттарды одан әрі жалғастыру (мерзімін созу/ жаңадан шарттар қалыптасқан) көзделген жағдайда спорт мектептерінің жұмыс жүргізу функцияларын және механизмдерін жандандыруға аса мән беруді қажет етеді.

Мемлекеттік аудит барысында МЖӘ жобасы «Цифрландыру» механизміне қосылмағаны анықталды. Келесі кезекте Түркістан облысында жалпы 22 облыстық спорт мекемесі, 50 аудандық, қалалық балалар мен жасөспірімдер спорт мектептері, 27 мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасы аясында ашылған спорт мектептері, мемлекеттік тапсырыспен (14 509 бала) 92 бірлік өнім беруші қалыптасқан. Аталған спорт мекемелерінде спорттың 61 түрі дамытылып, онда 2426 жаттықтырушы 58 574 баламен жұмыс жасауда.

Бұл ретте, спорт мектептерінде спортпен шұғылданушы балалар санын қадағалау, өзге де спорттық ұйымдарда бала санының қайталану фактілерін жүйелендіру (цифрландыру) ұсынылады.

Аудит барысында мемлекеттік аудит объектісі тарапынан ұсынылған құжаттарға сәйкес, келісім-шарттың қосымшаларында көрсетілген «Жекеше әріптес» тарапынан жылдық, тоқсандық, айлық есептер өз дәрежесінде тапсырылмаған және талап етілмеген.

МЖӘ келісім шартының 9,2 тармағына сәйкес Жеке әріптес жыл сайын кадрларды оқыту және біліктілігін арттыру бағдарламаларын бекітеді және оларды мемлекеттік әріптеске ұсынады делінген. Алайда, аудитпен қамтылған 23 МЖӘ келісім шарты бойынша Жекеше әріптестермен оқыту және біліктілігін арттыру бағдарламалары жасалып ұсынылмаған, спорт мамандарының біліктілігін арттыру шаралары қабылданбаған. Бұл ретте, мемлекеттік әріптес - «Түркістан облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы» мемлекеттік мекемесімен жекеше әріптестің келісім шарт бойынша өзіне жүктелген міндеттемелерді орындау туралы дәлелді құжаттарды толық көлемде талап етілмеген. МЖӘ келісім шартының 9,2 және 11.1 тармағының 5 тармақшасы сақталмаған.

МЖӘ келісім шартының 5-қосымшасының 4-бөлігін сәйкес Жекеше әріптес тоқсан сайын қаржылық есептілікті (бухгалтерлік баланстары қосымшаларымен) ағымдағы есепті күндердерге Мемлекеттік әріптеске ұсыну белгіленген. Алайда, Жекеше әріптестермен, атап айтқанда: ЖШС «АААЕС спорт мектебі», «Алмас қылыш» спорт клубы қоғамдық бірлестігі, ЖШС «Дәулет-2020», ЖК «Кенжебекова Б.С.», ЖК «Бақ-Нұр» спорт мектебі, ЖК «Дина», ЖК «МАХАНБЕТОВ И.А.», ЖК «Мырзабаев С.», ЖК «Акешов Г.М.», ЖК «Науырызбай», ЖК «Оразымбетова А.А.», ЖК «Садыкова З.Е.», ЖК «Турсымбеков К.Ш.», ЖК «Усманов Х.Ю.», ЖШС «І Нуржан-ата и Ко», ЖШС «МАМЫР АТА» спорт мектебі», ЖШС «СОК Астана», ЖШС «Арыс спорт мектебі» қаржылық есептіліктер әзірленіп, мемлекеттік әріптеске толық үлгіде ұсынылмағаны анықталды. Бұл ретте, мемлекеттік әріптес - «Түркістан облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы» мемлекеттік мекемесімен жекеше әріптестің келісім шарт бойынша өзіне жүктелген міндеттемелерді орындау туралы дәлелді құжаттарды толық көлемде талап етілмеген.

МЖӘ келісім шартының 5-қосымшасының 4-бөлігінің талаптары сақталмаған және 11.1 тармағының 5 тармақшасы сақталмаған.

Қорыт келе, жоғарыдағы кемшіліктер мен ұсыныстары ескере отырып, спорт саласындағы мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларын іске асыруда жоспарланған және алынған нәтижелерге қол жеткізуде, спорт саласында мемлекеттік саясатты жүзеге асыру ретінде Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалары қанағаттандырарлық түрде жүзеге асырылуда екенін атап өтуге болады.

Түркістан облысының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы бойынша МЖӘ жобалары

Мемлекеттік аудитпен қамтылған мерзімде басқармада 1 бұзушылық анықталды: 2022 жылы 530 608,4 мың теңге тиімсіз пайдаланылған.

Бұл ретте, Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 04 желтоқсандағы №95-IV «Бюджет Кодексінің» 4 бабы 12 тармақшасының (тиімділік принципі-бюджет қаражатының бекітілген көлемін пайдаланып, ең үздік тікелей нәтижеге қол жеткізу қажеттілігін негізге ала отырып, бюджеттерді әзірлеу және атқару немесе бюджет қаражатының аз көлемін пайдаланып, тікелей нәтижеге қол жеткізу) талаптары сақталмаған.

Үстеме аудит объектісінде: «TURKISTAN INTERNATIONAL AIRPORT (Туркистан Интернэшнл Аэропорт)» ЖШС-де 2 рәсімдік бұзушылық анықталды:

1) Келісім шарттың 18.7 тармағы сақталмай МӘ 10.08.2022 жылы №31 төлем құжатымен басқармаға 530 608,4 мың теңгені 15 күнге мерзімінен кеш қайтарылған.

2) жекеше әріптеспен жеке табыс салығы және әлеуметтік салықтық төлемдерге 23 000,0 мың теңге алдын ала төлемдер жасалған.

Мемлекеттік аудит барысында қамтылған мерзім аралығында МЖӘ шарттарының орындалуы мен түпкілікті және тікелей нәтижелерге қол жеткізу жолдары мен нәтижелеріне талдау, бағалау жұмыстары жүргізілді.

Түркістан халықаралық әуежайы МЖӘ жобасы аясында «Жекеше әріптес» «Turkistan international airport» ЖШС (Туркестан Интернэшнл аэропорт, бұдан әрі-ТИА) тарапынан 100% инвестицияланған жоба. Түркістан халықаралық әуежайының құрылысы 2019 жылдың қазан айында басталып 2020 жылдың қараша айында аяқталған. Әлемдік және Еуропалық IATA стандарттарына сәйкес жолаушылардың жайлылығы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін терминал қауіпсіздік пен қорғаудың барлық қажетті талаптарымен жабдықталған. Әуежайдың қуаттылығы сағатына 450 жолаушыға, жылына 3 000 000 (үш миллион) жолаушыға қызмет көрсету мүмкіндігі қарастырылған.

Түркістан халықаралық әуежайы пайдалануға берілген сәттен бастап, яғни, 2020 жылдың 1-желтоқсанынан 31-желтоқсанына дейін 3299 жолаушыға, 2021 жылы 301 609 жолаушыға, 2022 жылы 373 839 жолаушыға және 2023 жылдың 6 (алты) айында 167 950 жолаушыға қызмет көрсеткен. Қазіргі таңда, Түркістан халықаралық әуежайы арқылы әуе кемелері төмендегі жиілікте жолаушыларды тасымалдауда. Атап айтқанда; аптасына 6 күн Астана қ. бағытында, 5 күн Алматы қ. бағытында, 2 күн Ақтау қ. бағытында, 2 күн

Орал қ. бағытында, 2 күн Ақтөбе қ. бағытында, 3 күн Қарағанды қ. бағытында, 5 күн Стамбул қ. бағытында, 2 күн Кувейт қ. бағытында және 2 күн Самарқан қ. бағытында.

Түркістан халықаралық әуежайының қызмет көрсету сапасын жақсарту мақсатында, Жеке әріптес тарапынан қосымша төлемақы талап етілместен «Түркістан қаласында халықаралық әуежайын салу» техникалық-экономикалық негіздемеде орын алмаған біршама құрылыс жұмыстары қосымша түрде атқарылғаны және біршама құрылғылар қосымша түрде сатып алынғаны назарға алынды.

Жекеше әріптес және Түркістан облысының әкімдігі арасында қол қойылған ынтымақтастық туралы Келісім шеңберінде 500 млн.теңгеге дейін тұрғын үй сатып алу және 1,5 млрд. теңгеге дейін оңалту орталығын жобалау және салу бойынша міндеттемелер қабылдағаны және әлеуметтік жобалар (қайырымдылық, туризмді дамыту) назарға алынды.

Талдау нәтижелері көрсеткендей МЖӘ шартын жүзеге асыруда Түркістан қаласында халықаралық әуежай құрылыс пайдалануға беріліп, өз кезегінде қаланың имиджін қалыптастыруға өз әсерін берген. Бұл ретте қалаға келуші туристермен қонақтардың сапалы қызмет алуын қамтамасыз еткені байқалады.

Жекеше әріптеспен ағымдағы жылдың желтоқсан айынан бастап аптасына 3 күн Абу-Даби қ. бағытында және Қытай Халық Республикасындағы бірнеше қалаға тұрақты рейстердің ашылуы үшін жұмыс атқаруда. Сондай-ақ, жүк тасымалдайтын әуе компаниялармен (Turkish Cargo, MNG Cargo, Silkway және т.б) де келіссөздер жүргізе отырып, әуежай арқылы жүк тасымалдау динамикасын қалыптастыру және әуежайдың табысын арттыру көзделуде.

Және де әуежайдың қызметін қалыпты жағдайда ұстап тұру үшін жолаушыларды тасымалдаушы компаниялармен (серіктестіктермен) оңтайлы жұмыстар жүргізуді жалғастыруды ұсынамыз. Аталған мәселені өз кезегінде дамыту әуежайдың тиімді негізде жұмыс жүргізуіне және қаланың әлеуметтік-экономикалық тұрғыда дамуына оң әсерін тигізеді деп бағаланады.

МЖӘ шарттарының әрекет ету мерзімдерінің аяқталғаннан кейін аталған міндеттемелерді *(Түркістан қаласының халықаралық әуежайын күтіп ұстау, пайдалану және басқару құқықтарын)* одан әрі орындау, тиісінше орындау мәселесін жан-жақты, егжей-тегжейлі қарастыруды ұсынылады.

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 31 қазандағы № 379-V «Мемлекеттік-жекешелік әріптестік туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 17-бабына сәйкес мемлекеттік-жекешелік әріптестік шарты шеңберінде Мемлекеттік әріптес тарапынан жекеше әріптестің қаржылық-шаруашылық қызметін тексеруді, оның ішінде аудиторлық ұйымды тарту арқылы жүзеге асыруды ұсынамыз.

Талдау нәтижелері көрсеткендей МЖӘ шартын жүзеге асыруда Түркістан қаласында халықаралық әуежай құрылыс пайдалануға беріліп, өз кезегінде қаланың имиджін қалыптастыруға өз әсерін берген. Сонымен қатар қалаға келуші туристермен қонақтардың сапалы қызмет алуын қамтамасыз еткені байқалады.

Сонымен қатар «Жекеше әріптестің» алдағы жоспарларының бірі ретінде аптасына 2 күн Кувейт қаласына және 3 күн Абу-Даби қаласына жолаушыларды тасымалдау жоспарланған. Аталған мәселе өз деңгейінде жүзеге асырылған жағдайда Түркістан қаласының туризм саласының дамуына елеулі үлес қосып, облыстың әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштеріне оң әсерін береді деп бағаланады.

Және де әуежайдың қызметін қалыпты жағдайда ұстап тұру үшін жолаушыларды тасымалдаушы компаниялармен (серіктестіктермен) оңтайлы жұмыстар жүргізуді ұсынамыз. Аталған мәселені өз кезегінде дамыту әуежайдың тиімді негізде жұмыс жүргізуіне және қаланың әлеуметтік-экономикалық тұрғыда дамуына оң әсерін тигізеді деп бағаланады.

Жалпы айтқанда МЖӘ жобасын жүзеге асыруда айқындалған Түркістан облысының әлеуметтік-экономикалық дамуының стратегиялық мақсаттары мен басымдықтарын, негізгі бағыттарын қалыптастыру, облыстың әлеуметтік-экономикалық даму басымдықтары негізінде бюджеттік саясатты жүзеге асыру, өңірлік даму саласында мемлекеттік саясатты жүзеге асыру ретінде тиімді жүзеге асырылып жатқанын атап өтуге болады.

3.3 Мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша ұсынымдар мен тапсырмалар:

1. «Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларын, концессиялық жобаларды іске асыру тиімділігін талдау және бағалау» аудиторлық іс-шарасының нәтижелері Тексеру комиссиясының отырысында қаралсын.

2. Облыс әкімі және облыстық мәслихат аппараттары мен Арыс қаласы, Кентау қаласы, Созақ ауданы әкімі мен мәслихат аппараттарына аудиторлық қорытындыдан үзінді ақпарат жолдансын.

3. Мемлекеттік аудит жүргізу барысында анықталған бұзушылықтар мен кемшіліктерге жол берген тұлғалардың тәртіптік жауапкершіліктерін қарау үшін аудит объектілеріне нұсқамалар жолдансын.

1. «Созақ аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесіне:

1) 2024 жылғы 12 қаңтарға дейін Қазақстан Республикасының бюджеттік және өзге де заңнама талаптарының бұзылуына жол берген қызметкерлердің тәртіптік жауапкершілігі қаралсын.

2. «Арыс қалалық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесіне:

1) 2024 жылғы 12 қаңтарға дейін Қазақстан Республикасының бюджеттік және өзге де заңнама талаптарының бұзылуына жол берген қызметкерлердің тәртіптік жауапкершілігі қаралсын.

3. «Қызмет сервис –Арыс» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне:

1) 2024 жылғы 12 қаңтарға дейін Қазақстан Республикасының бюджеттік және өзге де заңнама талаптарының бұзылуына жол берген қызметкерлердің тәртіптік жауапкершілігі қаралсын.

4. «Түркістан облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы» мемлекеттік мекемесіне:

1) 2024 жылғы 12 қаңтарға дейін Қазақстан Республикасының бюджеттік және өзге де заңнама талаптарының бұзылуына жол берген қызметкерлердің тәртіптік жауапкершілігі қаралсын.

5. Түркістан облысының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы» мемлекеттік мекемесіне:

1) 2024 жылғы 12 қаңтарға дейін Қазақстан Республикасының бюджеттік және өзге де заңнама талаптарының бұзылуына жол берген қызметкерлердің тәртіптік жауапкершілігі қаралсын.

6. «Түркістан облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы» мемлекеттік мекемесіне:

1) 2024 жылғы 1 наурызға дейін қалпына келтірілуі тиіс 1 888 359,3 мың теңге бухгалтерлік есепті қалпына келтіру жөніндегі шаралар қабылдансын.

2) 2024 жылғы 12 қаңтарға дейін Қазақстан Республикасының бюджеттік және өзге де заңнама талаптарының бұзылуына жол берген қызметкерлердің тәртіптік жауапкершілігі қаралсын.

3.4 Қосымша: Мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтар мен кемшіліктердің жиынтық тізілімі.